


АЛТЫН ОРДА

XIII–XV ғасырлар



Жас дос! Шыңғыс хан Хорезм мемлекеті мен Дешті Қыпшақ даласын бағындырған соң, 1223 жылы қазіргі Түркістан қаласының маңындағы Күлтөбеде ұлы құрылтай өткізгенін сен енді кітабымыздың өткен тарауынан жақсы білесің. Құрылтайдан соң, ұлы қағанның өзі бағындырған ұлан-ғайыр аймақты бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына бөліп бергенінен де хабардарсың. Үлкен ұлы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жерлер, одан әрі батысқа қарай “мыңқол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар” түгел беріліп еді ғой. Каспий мен Арал теңіздерінің төңірегі, Әмударияның төменгі жағындағы аймақтары, Сырдария өңірі де Жошы ұлысына қараған-ды.

Бірақ Жошы оғлан өз ұлысын ұзақ басқара алмады. 1227 жылдың ақпанында аң аулап жүріп, оқыс қазаға ұшырады. Жошының 13 ұлы бар еді. Үлкені – Орда Ежен, екіншісі – Бату, үшіншісі – Берке. Шибан мен Тоқа Темір де Жошының ұлдары.

БАТУ ХАН

150



Бату. Қытай миниатюрасы

Бату (Батый, Сайын хан) – хан, Алтын Орданың негізін қалаушы, қолбасшы. Шыңғыс ханның немересі, Жошының екінші ұлы. 1208 жылы дүниеге келіп, 1255 жылы қайтыс болған. 1227 жылдан 1255 жылға дейін Алтын Орданы басқарды.



Бату әскерлерінің Еуропа жеріндегі шайқасы. XIV ғасыр миниатюрасы. Париж, Мемлекеттік кітапхана

Шешесі – Кочу қатын, қоңырат Елші ноянның қызы. Бату 1227 жылы Жошы өлгеннен кейін Шыңғыс ханның ұйғарымымен әкесінің орнына таққа отырған. 1229 жылы Үгедейді империяның ұлы ханы сайлаған Қарақорымдағы Құрылтай жиналысына қатысты. 1236 – 1242 жылдары біріккен түркі-моңғол әскерінің Русь пен Шығыс Еуропаға

жорығына қолбасшылық етті. Жошы ұлысын Ертістен Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан Алтын Орда мемлекетіне айналдырды. Батудың қолдауымен 1251 жылы Онон өзені бойында өткен құрылтай жиналысында Мөңке ұлы хан болып сайланды. Батудан Сартақ, Тоқан, Әбуқан, Улақшы атты 4 ұл тараған. Бату Сарай қаласында жерленген.

Көшпелілер дәстүрі бойынша әке иелігіне оның үлкен ұлы мұрагер болып қалуы қажет еді. Жошының үлкен ұлы Орда Ежен өз жолын інісі Батуға ұсынады. Сірә, Шыңғыс аталары да Жошы ұлысына Батудың ие болғанын қаласа керек.

Бату өз кезегінде Орда Ежен ағасын қатты сыйлап өтіпті. Тіпті, өз ұлысының Арал теңізінен Ертіс дарияға дейінгі шығыс бөлігін ағасына басқаруға береді. Алакөл жағасындағы бұрынғы Жошы ордасы да үлкен ұлдың иелігінде қалады. Жошы ұлысының бұл шығыс бөлігі бірте-бірте Ақ Орда аталып, кейін Қазақ хандығының құрылуына негіз болды.

Ал Батудың өзі батысқа қарай жылжып қонып, жергілікті қыпшақ тайпаларын бауырына тартты. Соның арқасында Жошыдан қалған 4 мыңдық әскердің қатары аз ғана уақыт ішінде 120 мың адамға жетіпті.

АЛЕКСАНДР НЕВСКИЙ



Александр Невский

Александр Невский – орыстың ұлы князі. Князь Ярослав Всеволодовичтің ұлы. 1220 жылы дүниеге келіп, 1263 жылы қайтыс болған. 1236 – 1251 жылдар аралығында Новгород князі, 1252 жылдан Владимир князьдігінің Ұлы князі болды. 1240 жылы Нева шайқасында шведтерді жеңген. Ливон Орденінің рыцарьларымен 1242 жылы болған “Мұз қырғыны” аталған шайқаста ерлігімен

көзге түсті. Асқан епті саясат жүргізіп, түркі-моңғол шапқыншылығының зардаптарын азайтып отырған, сөйтіп Русьтің батыс шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік алған. Александр Невский Бату ханның Сарайдағы ордасына төрт рет барған. Оның ұлы Сартақпен анда (дос)

болып серттескен, Бату ханның өзіне өкіл бала атанған. 1248 – 1249 жылдары Қарақорымда болып, Күйік ханның жарлығымен бүкіл Русь жерінің ұлы князі болып бекітілген. Александр Невскиймен бірге барған інісі Андрей Владимир князьдігін басқаруға ұлы хан рұқсатын алады.

151



Александр Невский жасағы

Шыңғыс хан 1227 жылдың 25 тамызында жетпіс екі жасында қайтыс болды. Таққа ұлы қағанның өсиеті бойынша, 1229 жылы үшінші ұлы Үгедей отырды.

1235 жылы Қарақорымда өткен ұлы құрылтайда Еуропаға жорық жасауға шешім қабылданды. Батысқа аттанатын әскерді басқару Батуға тапсырылып, Еділдің арғы бетін бір рет байқап қайтқан тәжірибелі Сүбедей ақылшы болып белгіленеді. Үгедейдің ұлы Күйік, Төленің ұлы Мөңке, Шағатайдың ұлдары Бандар мен Қадан, Жошының үшінші ұлы Берке өз мыңдықтарымен Батуға көмекке келді.

Жорыққа аттанар алдында Сүбедейдің славяндар мен еуропалықтар туралы жан-жақты мағлұмат жинап алғаны ақиқат. Әсіресе, венециялық саудагерлер Сүбедейге көп дерек беріпті.

Бату баһадүр бастаған жүз елу мыңдық қалың қол 1236 жылдың көктемінде Ертіс өзенінің бойынан батысқа аттанады. Олар маусым айында Еділ жағасына

БАТУДЫҢ РУСЬКЕ ЖОРЫҒЫ

- 152 Батудың Руське жорығы 1236 жылы басталып 1240 жылы аяқталды. Жорық нәтижесінде бүкіл орыс жерлері Алтын Ордаға бағындырылды. 1235 жылы өткен құрылтайда Еуропаға жорық жасау шешімі қабылданды. Жорыққа даярлануға екі жылға жуық уақыт беріледі. Әскер 1236 жылы ерте көктемде Ертістің жоғарғы ағысы мен Батыс Алтайдан шығып, маусымда Еділге жетеді. Сүбедей қолы осы жерде Кама бұлғарларына қарай аттандырылады. Ал Бату өз әскерімен Каспийден Азов теңізіне дейінгі қыпшақ, бұртас, моқшан, черкес жерлерін жаулайды. 1237 жылы қыстың басында Рязань князьдігіне басып кіріп, олардың әскерін талқандайды. Сол жылы 21 желтоқсанда алты күндік қоршаудан соң Рязань құлайды. Бұдан кейін Бату қыстың суығында өзендер мен батпақтардың қатып қалғандығын пайдаланып, Солтүстік Руське



Батудың Руське жорығы

жетіпті. Осы жерде қалың әскер екіге бөлінеді. Сүбедей бастаған шағын топ Еділді жоғары өрлеп, бұлғарларды бағындыруға аттанады. Ал Бату болса әскерінің негізгі бөлігімен 1237 жылға дейін Еділден Азов теңізіне дейінгі далалық аймақта қоныстанған қыпшақ, алан, черкес, мордва, т.б. тайпаларды түгел бағындырады.

Шапқыншыларға, әсіресе, Еділ дарияның арғы бетіндегі қыпшақтар қатты қарсылық көрсетіпті. Тарихи деректерде қыпшақ руларының бірінің басшысы Басман батырдың жанкешті шайқасы туралы жазылып қалған. Ең соңында Еділдің төменгі жайылмасындағы бір аралға барып паналаған Басман батырды Мөңке мыңдығы қолға түсіріп, қылышпен кескілеп өлтіреді. Қыпшақтардың 40 мың отбасын соңына ерткен Қотан хан Бату қолымен шегіне шайқаса отырып, Венгрия корольдігінің аумағына өтіп кетеді. Венгр королі Бела IV шапқыншылардан ығысып

БАТУДЫҢ РУСЬКЕ ЖОРЫҒЫ

жорықтарын жалғастырады. Рязаньді алғаннан кейін моңғолдар Коломнада орыс әскерін талқандап, Мәскеуді қиындықсыз бағындырады. Мұндағы қоймаларды тонап, моңғолдар кері оралып, 1238 жылы 3 ақпанда Владимир қаласын қоршап, төрт күнде басып алады. Рязаньнан Мәскеуге, одан Владимирге оралу арқылы Бату өзінің ең күшті жауы Суздаль князі Юрийдің оң қанатынан айналып өтіп, оның солтүстікке шегінетін жолын бекітіп тастайды. Осылайша оның ұлы Новгород пен Псков әскерлерімен бірігуіне жол бермей жеке талқандайды. Бұдан кейін Торжок, Тверь князьдіктерін жаулай отырып моңғол әскері Новгородқа жете бере бағытын күрт өзгертіп, оңтүстікке бет алады. Оңтүстік аудандарында екі жылға жуық негізгі әскерін тынықтырады. 1240 жылы Киевті алған соң, қалған шағын князьдіктерді бағындырып, орыс жерлерін жаулауды аяқтайды.




Батудың Суздальді алуы

келген қыпшақтарды достық раймен қарсы алып, Қотан хан халқына өз елінен қоныс береді. Кезіндегі батыс ғұндардың ұрпақтары болып табылатын бүгінгі венгр (мажар) халқының құрамындағы мадиярлар, міне, осы Қотан ханның соңына ерген халықтан таралған. Ал Бату бастаған қалың қол 1237 жылдың желтоқсанында солтүстік славян князьдіктерінің аумағына енеді. Неге ол ең алдымен солтүстік славян князьдіктерін жаулап алуға ұмтылды?! Әрі жазда емес, қыста?! Көптеген зерттеушілер мұндай тосын әскери қимылды тәжірибелі Сүбедейдің ақылымен жасалған деп бағалайды. Жазда атты әскер сулы-нулы өлкеде еркін жорта алмас еді. Ал жер тоң болып қатып жататын қыс айларында қайда жортам десең де, өз еркің.

Бату алғашқы соққыны Рязань князьдігіне жасайды. Бұл шаһар көшпелілердің алты күндік қоршауынан соң, 1237 жылдың 21 желтоқсанында берілген. Рязаньнан соң көшпелілердің ат тұяғының астында Коломна шаһары тапталды.

БАТУДЫҢ ЕУРОПАҒА ЖОРЫҒЫ

154



Алтын Орда әскері Шығыс Еуропада. Миниатюра

Орыс жерлерін жаулап алған соң моңғол билеушілері енді жорықты Шығыс Еуропаға ұйымдастырады. Оған сылтау да табылады. Бату Венгр королі Бела IV-ден Венгр жеріне тығылған қыпшақтарды ұстап беруін талап етеді. Бела IV бұл талапты орындай алмайтынын айтып, бас тартады. Осыдан соң моңғолдар Венгрияға басып кіреді. Польшаға және

Силезия мен Моравияға екі бөліп әскер жібереді. Бату өз әскерімен Карпаттан өтіп Будапешке аттанады. Польшаны бағындыруға жіберілген Батудың қолбасшысы Бандардың әскері Шидлов түбінде шешуші соққы береді. Краков қаласын басып алып, Бреславльді қоршау кезінде Кацбах өзені бойында өзіне қарсы біріккен әскердің шыққанын естіп, Бату әскері қарсы жүреді. 1241 жылы 9 сәуірде Легница түбінде неміс және поляк рыцарьларын талқандайды. Одан кейін моңғолдар Моравияға кіріп, Чехия шекарасына дейінгі жерлерді қырғынға ұшыратады. Чехия королі Венцеслав елден кетіп қалады. Моңғолдар берілмеген қалаларды айналып өтіп, Венгрияға басып кіреді. 65 мыңдық Хорват-Венгр әскерін Сайо өзенінің жағасында талқандап, 56 мыңға жуығын қырғынға ұшыратады. Ал, Венгрия королі Бела IV Далмацияға



Польшадағы Легница қаласы түбіндегі шайқас. 1241 жыл. Ортағасырлық миниатюралар

Ол кездегі шағын шаһар Мәскеуге де олар көп қиналмай кірді. Мәскеудің кәдеге жарар тауарларын бөлісіп алған көшпелілер сол замандағы ең үлкен шаһар саналатын Владимирге бағыт алады. Владимир түбіне олар 1238 жылдың 3 ақпанында келіп жеткен. Төрт күн қорғанған владимирліктер қаптаған қалың жауға қарсы тұра алмайды.

Көшпелілердің Рязань – Мәскеу – Владимир бағытындағы шабуылы ол заманда ең күшті князьдік саналатын суздальдықтардың солтүстікке шегінетін жолын кесіп тастаған еді. Суздальдің ұлы князі Юрий солтүстігіндегі Новгород пен Псков князьдіктерінің әскеріне тезірек қосылу үшін Сити өзені арқылы айналып өтетін жолды таңдайды. Бірақ көшпелілер қолы күтпеген шапшаңдықпен қарсыластарының алдын орап, 1238 жылдың 4 наурызында Сити өзені тұсында суздальдіктерге ойсырата соққы береді.

БАТУДЫҢ ЕУРОПАҒА ЖОРЫҒЫ

қарай қашады. Оның соңынан Кадан әскері жіберіліп, негізгі әскер венгр даласында қыстап қалады. Қыстың соңына қарай Бату әскері Дунайдан өтіп Болгарияға жетеді. Онда 1242 жылы Острогон, Стольни Биоград, Весприм және Джур қалаларын алады. Осы жерде 1241 жылы Үгедейдің өлгені туралы хабарды естіп, жаңа қаған сайлауына қатысу үшін кері қайтады. Сонымен моңғол әскері Адриатика теңізінде Каттаро және Клисса, Хорватиядағы Загреб және Вена түбіндегі Нейштаджға жетіп, қайта кері бұрылған болатын. Моңғолдар Шығыс Еуропаға жорығы кезінде ұсақ мемлекеттерден басқа екі мықты еуропалық держава – Польша мен Венгрияның әскерін жойып, үшіншісі – Чехияның әскерін әлсіретіп бүкіл Еуропада үрей тудырады.



Бату әскерлерінің Еуропа жеріндегі шайқасы. XIV ғасыр миниатюрасы. Берлин, Мемлекеттік кітапхана

Осы шайқастан соң, Тверь мен Торжок шаһарлары, тағы да басқа ондаған қалашықтар шапқыншылардың ат тұяғының астында қалады.

Бату енді солтүстіктегі Новгород және Псков князьдіктеріне бағыт алады. Өз жорығын ол аталған екі князьдіктің әскері бір-біріне қосыла алмайтындай оймен ұйымдастырады. Алайда күннің күрт жылып, даланың балшыққа айналуы Батуды Новгородқа 200-ден аса шақырым жетпей, оңтүстікке бұрылуына мәжбүр еткен.

Көшпелілердің оңтүстікке қай жолмен қайтқаны белгісіз. Тек орта жолда Коззелек шаһарын қоршап, жеті күндік шайқастан соң бұл шаһарды да бағындырғаны жазылып қалыпты.

Бату қолы бұдан кейінгі екі жылға жуық уақыт бойы Еділ мен Днепр өзендерінің аралығындағы кең далада дамылдайды. Аттарын баптап, алдағы жорықтарға әзірленеді.

АЛТЫН ОРДА

156 Алтын орда – Шыңғыс хан империясының құрамындағы Дешті Қыпшақта құрылған түркі мемлекеті. 1243 жылдан 1503 жылға дейін өмір сүрген ұлы мемлекет. Экономикалық және әскери күш-қуаты толысып, мәдениеті өркендеген кезеңде (XIII – XIV ғасырлар) мемлекет жерінің ауданы 10 миллион шаршы шақырымнан асты. Жошы ұлы Бату хан тұсында Алтын Орданың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Бұлғария, Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ енді. Бату әскері Мәскеу (1238), Киев (1240), Краков (1241), Бреслау (1241), Будапешт (1241) қалаларын алып, Орталық Еуропа, Австрия, Чехия, Словакияны бағындырды. Бату хан тұсында мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып (1243 жылы) кейіннен, Берке Сарайына (Сарай әл-Жадид)

көшірілді. Берке хан билік еткен кезеңде (1257 – 1266) Шыңғыс хан ұрпақтары, оларға ере келген әскерлер мұсылман дінін қабылдай бастады, біртіндеп жергілікті түркі халықтарының әдет-ғұрпына бой ұсынып, араласып кетті. Алтын Орда мемлекетінің жері Ақ Орда, Көк Орда ұлысы, Шағатай, Шибани ұлысы сияқты аймақтарға, ал олар жекелеген иеліктерге бөлінді. Ұлыс иелігі Шыңғыс хан ұрпақтарына мұрагерлік ғұрыппен, кейде мемлекетке сіңірген қызметтері үшін де берілді. Маңызды мемлекеттік істерді шешу мақсатында жалпы империялық жиналыс – құрылтай шақырылды. Құрылтайда хан жариялау және оны салтанатты түрде таққа отырғызу рәсімдері жасалды. Мемлекет басқару, көшпелі өмірдің жағдайына сай келетін заңдар жиынтығы – Шыңғыс ханның “Жасағымен” реттелді.

Алтын Орда Туда Мөңке (1280 – 1287), Төле Бұқа (1287 – 1291), Тоқты (1292 – 1312), Өзбек (1312 – 1342), Жәнібек (1342 – 1357) хандар тұсында күшейе түсті. Орда халқы кейіннен қазақ халқы құрамына енген қыпшақ, қоңырат, керей, адай, арғын, уақ, найман, қаңлы тайпаларынан, сонымен қатар Еділ бұлғарларынан, ежелгі хазар ұрпақтарынан, армяндардан, славяндардан, гректерден құралды. Қыпшақ және басқа да түркі тайпаларының ел басқаруда, әскери істе атқарған рөлінің басымдылығына байланысты Алтын Орда кейбір шығыс және батыс деректерінде Қыпшақ мемлекеті атанды. Алтын Орданың құрылуы сауда, халықаралық қатынастардың дамуын, орталықтандырылған билік идеясының өріс алуын қамтамасыз ететін біртұтас саяси жүйенің қалыптасуына себепші болды.

Көшпелілердің оңтүстік славян князьдіктеріне бағытталған келесі жорығы 1239 жылдың желтоқсанында басталыпты. Тағы да қыс айларындағы шайқас. Алдымен Чернигов князьдігі ойрандалды. Содан соң Переяславль мен Киевке кезек келеді. Славян қалаларының анасы саналатын Киев шаһары 1240 жылдың 6 желтоқсанында көшпелілердің шабуылына шыдамай, берілуге мәжбүр болған.

Ал Новгород князі Александр Невский болса, Бату баһадүрдің алдына өз аяғымен келіп, оған өкіл ұл болады. Көшпелілердің түсінігінде “ұл” болуға келісу бодандықты өз еркімен мойындау еді. Батудың өз ұлы Сартақпен ант ішіп, анда (дос) болған Александр Невский өз князьдігінің солтүстігінен қатер төндіріп тұрған шведтермен еркін соғысуға мүмкіндік алған. Шығыс славян князьдіктерін түгел жаулап алып, өз боданына айналдырған Бату енді Еуропаға көз салады.

АЛТЫН ОРДА



Алдымен шолғыншы топтар Галиция арқылы Краков шаһарына дейін жорық жасап қайтады.


Алғашқы жорықтар барысында көшпелілерге бөлек-бөлек князьдіктерге бөлінген Еуропаның шығысында екі қуатты мемлекеттің бар екені белгілі болады. Оның бірі – солтүстіктегі Фридрих II билейтін неміс-поляк империясы да, екіншісі – Бела IV патшалық құрған Венгрия корольдігі болатын.

Бату Еуропаға шабуылды негізгі екі бағытта жасауды ұйғарды. Шағатайдың ұлы Бандар бастаған солтүстік топ қазіргі Польша аумағын бетке алса, өзі негізгі қолды бастап, Карпат арқылы Будапештке тура тартады. Негізгі қолдың оң қанатын Шағатайдың тағы бір ұлы Қадан бастаған топ қорғайды.

1241 жылдың қыс айларында шабуылға шыққан Бандардың түмендері көп ұзамай Краков шаһарына кіреді.

АЛТЫН ОРДА – АЛТЫН БЕСІК

158



Ақ Орда орыс мемлекеттігінің қалыптасуына игі ықпал жасады. Ақ Орда Анадолымен, Сириямен, Египетпен, басқа да Шығыс елдерімен сауда қатынасын орнатып, елшіліктер алмасып отырғандықтан, Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағына айналды. 1312 жылы Өзбек хан Ақ Ордада исламды мемлекеттік дін етіп жариялады. Әмір Темірдің жойқын әскери жорықтары Алтын Орданың құлауына әкеліп соқтырды. 1502 жылы соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң Алтын Орда мемлекеті жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым (1428 – 1792), Қазан (1437 – 1556), Қасым (1445 – 1681), Астрахань (1466 – 1557), Сібір (1563 – 1656), Башқұрт (1656 – 1738) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Шамамен, 1459 жылы Алтын Орданың оңтүстік-шығыс бөлігінде Қазақ хандығы қалыптасты.

Қала өртке оранады. Содан соң көшпелілер Одер өзенінен өтіп, Бреславль шаһарына жетеді. Шаһар тұрғындары үйлеріне өздері от қойып, қаладан қашып шыққан. Неміс-поляк рыцарьлары бұл кезде Лигница шаһары түбіне жиналып, шапқыншыларға қарсы соққы беруге әзірленіп жатқан. Қарсыластардың күш жинап жатқандығы туралы хабар құлағына тиген бойда Бандар өзінің үш түмен әскерін қайта топтастырып, Лигница шаһарына беттейді.

Лигница шайқасы туралы қазіргі заман зерттеушілерінің пікірі әр түрлі. Бәрі мұздай сауыт құрған, саны да көп рыцарьлардың бұл шайқаста неге жеңіліп қалғанын өздерінше түсіндіреді. Барлық жорамалдың түйіні біреу – шығыстан келген көшпелілер еуропалық рыцарьлардан қулығын асырып кеткен. Басқаша айтқанда, өтірік шегінген болып, рыцарьларды қоршауға алған да, жан-жақтан қылышпен турауға көшкен. Қалай болғанда да бұл шайқас ол

АЛТЫН ОРДА ӘСКЕРЛЕРІ



замандағы көшпелілердің соғыс өнерінің еуропалықтардан мықтырақ екенін дәлелдеп берген оқиға болды.

Польшаны ойрандап шыққан Бандар түмендері аттарын ойнақтатып Чехия аймағына енеді.

Бұл кезде көшпелілердің Батудың өзі бастаған негізгі қолы да Карпаттан асып түсіп, Венгрлер еліне енген еді. Жаны қысылған король Бела IV бар күшін астанасы Будапешт шаһарының ішіне топтайды. Мұншама күшті ту сыртында қалдырып, Еуропаға жорығын жалғастыра беруге Батудың да жүрегі дауаламайды. Көшпелілер – Будапештті екі ай қоршап тұрған. Содан соң, тағы да ежелгі әдістеріне салып, шегінген сыңай танытып, венгрлерді жазыққа шығарып алады. Екі жақ Сайо өзенінің жағасында кездесіпті. Шайқас басталар алдында Бату баһадүр қарсыластарының ұйлыға сап түзеген түріне қарап күліп жіберіпті:

БАТУ САРАЙ ҚАЛАСЫ

160



Еділ өзені

Бату Сарай (Ескі Сарай, Сарай) – Алтын Орда астанасы. Сарай қаласын 1254 жылы Бату хан салдырған. Ол Еділдің төменгі ағысында, Ахтубаның жағасында еді. Бату Сарайында көптеген

сарайлар мен мешіттер, сауда орындары, мазарлар салынды. Хандардың өзара қырқысуы мен Өмір Темірдің жорығынан Сарай қаласы талай бүлінді. Ақыры 1480 жылы біржола

қирады. Қала орны Ресейдегі Астрахань облысының Қарабалық ауданы аумағында. Бүгінгі күнге дейін ол ауданда қазақтар көп тұрады. Олар – сол жердің негізгі тұрғылықты халқы.

– Бұлар менің уысымнан құтылмас. Қотандағы қой сияқты ұйлығын қара. Шынымен-ақ, алпыс бес мыңдық венгр-хорват әскерлері (ол кезде Хорватия да Венгрия корольдігінің құрамына енетін) бұл шайқаста тас-талқан болып түгі қалмай жеңілген. Елу алты мың сарбазынан айырылған Бела IV шағын жасақтарымен өзер дегенде қашып құтылады. Ал оның ағасы, Хорватия билеушісі Коломан осы шайқаста ауыр жарақат алып, қайтыс болады.

Қашқан Бела корольдің соңынан қууға Қадан түмендерін іле-шала аттандырып, Батудың өзі қазіргі Австрия аумағына сұғына енеді.

Бела IV алғашқыда он айдай Загреб бекінісін паналайды. Осы бекіністен бүкіл Еуропа билеушілеріне – Рим папасы Иннокентий IX-ға, неміс королі Фридрих II-ге, Франция мен Италия корольдеріне жаушы жіберіп, көмек сұрайды. Бірақ Белаға Рим папасы ғана жауап беріпті.

ОРДА ЕЖЕН ХАН

Орда Ежен (туған, өлген жылдары белгісіз) – Ақ Орданың және ондағы хандар әулетінің негізін қалаушы, Шыңғыс ханның немересі, Жошының үлкен ұлы. Жошының Қоңырат тайпасынан алған үлкен әйелі Сартақтан туған. Орда Ежен туралы тарихи мәліметтер өте аз. Әкесі тірі кезінде де, онан кейін де ол зор атақ-абыройға ие болған. Орда Ежен 1236 жылдан 1241 жылға дейін батысқа жасалған жорықтарға қызу атсалысты. Жошы әскерінің сол қанатын Орда Ежен, оң қанатын Бату басқарған. Өз әскерімен әрі төрт інісімен (Удур, Тоқа Темір, Шинкум, Синкум) бірге Жошы ұлысының сол қанатын құрып, сол қанаттың ханзадалары атанды. Орда Ежен Алтын Орда құрамында болғанымен, іс жүзінде тәуелсіз Ақ Орда мемлекетін құрды. Орда Еженнің

қызметі мен беделінің күшті болғаны соншалық, өзінің кіші інісі Батуды Алтын Орда тағына отырғызды, Шыңғыс империясының астанасы Қарақорымда Күйік пен Меңгуді ең жоғарғы қаған көтерді. Қарақорымда 1250 – 1251 жылы Шағатай ханзадалары мен әмірлері жасаған астыртын сарай төңкерісін тексерген кезде, Орда Ежен ешкімді де араластырмай, жалғыз өзі төңкеріс жасаушыларға өлім жазасын кесті. Бұған тіпті жоғарғы мәртебелі қағандардың да батылы бармайтын-ды. “Алтын Орданың билеушісі ресми түрде Бату хан болғанымен, Меңгу қаған (1251 – 1259 жылдары билік еткен) Шыңғыс хан империясының атынан өзі шығарған үкімдері мен жарлықтарында Орда Еженнің атын Батудан бұрын қойған”,

– деп жазады Рашид әд-Дин. Орда Ежен алғаш Ақ Орданың негізін құрған кезде өзінің үлкен ордасын қаған иелігіне жақын – Ертіс өзенінің жағалауына жайғастырды. Ал, 1246 жылы Орда Ежен еліне Пано Карпини келген кезде ордасы Жетісудағы алғашқы мирасқорлары: әуелі Күнқыран (төртінші ұлы), кейін Қойшы (үлкен ұлы), содан соң немересі Баян болды. Олар Орда Ежен ұлысының көп бөлігімен көшіп-қонып жүрді. Тек XIII ғасырдың соңғы ширегінде ғана Шағатай әулеттері мен екі арадағы тынымсыз соғыстар әсерінен Орда Ежен ұлысы өз орталығын Жетісудың солтүстік бөлігінен Сырдария өзені алқабына ауыстырды. Ақ Орданың астанасы Сығанақ қаласы болып, онда Орда Ежен әулеттері билік жүргізді.

– “Татарларға” қарсы тұрғандардың күнәсін кешіруге әзірмін, – депті Рим папасы.

Тасқын селдей жолындағының бәрін жайпап келе жатқан “татарлар” туралы қорқынышты хабардан бүкіл Еуропа жұрты қалтыраған заман еді, ол бір. Барлық шіркеуде өздерін “татарлар” қатерінен аман қалдыруын өтінген уағыздар күні-түні бір тынбайтын. Бізге жеткен жылнамалардың бірінде Франция королі Людовик IX мен оның шешесі Бланш арасындағы сұхбат жазылып қалған:

– Не істейміз, енді, ұлым менің, бізге жетіп жатқан жан шошырлық мына дақпырт жағдайында. Біздің бәрімізге, қасиетті шіркеуімізбен бірге анау татарлар қолынан жаппай қырылуға Құдай жазған шығар...

Ал оған король былайша жауап қайтарыпты:

АҚ ОРДА

162 Ақ Орда – Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының үлкен ұлы Орда Ежен, оның інілері Шибан, Шингкүр, Тоқа Темір ұлыстары негізінде құрылған мемлекет. 1226 – 1309 жылдары Ақ Ордада Орда Ежен (1226 – 1247/50), Күнқыран (1250/51 – 1280), Қоныша (1289 – 1301), Баян (1301 – 1309) билік құрды. Астанасы алғашында Шығыс Қазақстанда, Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы бойында, Алакөл маңында болды. Кейіннен, ұлыс орталығы Сыр бойына көшірілді. 1309 – 1315 жылдары Ақ Ордада Сасы Бұқа хан билік құрған. Оның ұлы Ерзен (Ибисан) тұсында (1315 – 1320) Сыр бойындағы қалаларда көптеген медресе, мешіт, ханака, ғимараттар салынды. Бұл кезде Ақ Орда әлі де Алтын Орданың құрамында еді. Ақ Орда алғаш рет Ерзеннің ұлы

Мүбәрәк Қожа хан тұсында өзінің саяси тәуелсіздігіне ұмтылды. 1327 – 1329 жылдары оның өзі соқтырған теңгелер айналымда болды. 1344 жылы Жәнібек ханның (1342 – 1357) жарлығымен Ақ Орда тағына Мүбәрәк Қожаның інісі, Ерзен ханның баласы Шымтай хан отырды. Алтын Ордадағы “дүрбелең жылдар” (1359 – 1379) Шымтай хан тұсында басталды. 1361 жылы Алтын Орда әмірлері 17 жыл бойы Ақ Ордада билік құрып отырған Шымтайға Алтын Орданың Сарайдағы тағын ұсынды. Бірақ ол Алтын Орда ісіне араласудан бас тартты. Орыс хан тұсында Алтын Орда дербес хандыққа айналды. Орыс хан Алтын Орда тағына да отырды. XIV ғасырдың 70-жылдары Әмір Темірдің бірнеше жорығынан (1370 – 1405) соң Ақ Орда әлсіреді. Орыс

ханның ұлдары Тоқтақия (1375), Темір Мәлік (1375) хандықты күшейте алмады. 1376 жылы Ақ Ордаға Әмір Темірдің қолдауымен Тоқтамыс хан келіп, 1380 жылдан бастап бүкіл Жошы ұлысын уақытша болса да қайта біріктірді. Құйыршық хан Дешті Қыпшақта билік жүргізді. 1419 – 1422 жылдары Құйыршықтың ұлы Барақ хан Ұлықбектің қолдауымен Ақ Ордадағы билік басына келді. 1422 – 1426 жылдары Алтын Орда тағына отырды. Барақ ханнан кейін Ақ Ордада Ежен әулетінің билігі құлады да, Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси билік Шибанилер әулетіне (1428 – 1469) көшті. Ақ Орда – Қазақстан аумағының басым бөлігінде, жергілікті тайпалардан (қыпшақ, қоңырат, керей, үйсін, найман, қарлық, арғын, т.б.) құрылған мемлекет болды.


– Әгерки, анау өздерін татар деп атайтындар бізге келсе де, біз олар мекендейтін жерге барсақ та бәрібір – жанымыз көкке ұшады. Мені осы ой ғана тыншытады.

Бұл кезде Дунайды кешіп өткен Қадан түмендері Бела IV корольдің соңына түскен еді. Олар жол-жөнекей Словения мен Хорватияны ойрандап өтіп, Загреб бекінісіне енеді. Бекініске жасырынған венгр королі өздері қашып шығып, Адриат теңізінің жағалауындағы Сплит портына тығылады. Жаны қысылған Бела IV мұнда да тұрақтай алмай, қайыққа мініп теңіз ортасындағы аралдарға жасырынады.

Қашқан корольді қолына түсіре алмай опық жеген Қадан ноян қайтар жолында Албанияны, Сербияны, Болгарияны бағындырып, Бату қолына келіп қосылады.

Қадан түмендері келіп жеткенде, көшпелілердің негізгі қолы Болгария аумағында болатын. Олардың шағын жасағы Нейштат шаһарын алып, Венаға жетіп қалған еді.

КӨК ОРДА



Көк Орда – (XIII – XIV) ғасырларда Алтын Орда негізінде Батыс Сібір және Қазақстан аумағында құрылған мемлекет. Жошы қайтыс болған соң (1227) Шыңғыс хан мұрагері етіп оның екінші ұлы Батуды тағайындады. Шығыс Дешті Қыпшақтан Орда Ежен мен Шибан, яғни Жошының бірінші және бесінші балалары да өз үлестерін иемденді. Орда Ежен ордасы Ертіс пен Сырдарияны қамтыған

қазіргі Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумағында орналасты. Шибанның иелігіне қазіргі Батыс Қазақстан мен Батыс Сібір аумағы енді. Қазіргі заманғы бірқатар тарихшылар Көк Орда дегеніміз Бату жері, ал Ақ Орда – Орда Еженнің иелігі деп санайды. Бірақ бұл жерде Шибан ұлысы есепке алынбаған. Енді бір тарихи деректер бойынша Ақ Орда, Көк Орда атау-

лары тек Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына қатысты айтылған. Көк Орданы біреулер Орда Еженнің ұлысы десе, енді басқалары Шибан ұлысы дейді, ал Ақ Орданы Шибан мен Орда Еженнің ұлысы дейді. Тарихи деректер Көк Орда Жошының бесінші баласы Шибан жерлерін білдіреді деп тұжырымдайды. Шибанның жазғы қонысы Орал мен Батыс Сібір аумағында, Үстірт пен Маңғыстауда, Арал-Каспий өңірінде болған. Көк орданың негізін салған бірінші билеушісі Шибанның өзі болды. Кейде бұл ұлыс оның атымен де аталады. Әкімшілік-аумақтық жағынан Шибан ұлысы Жошы ұлысына кірді. Көк Ордада Шибаниден кейін Баһадүр, Сасы Бұқа, Бодақұл, Меңгу Темір, Фулау (Пулау), Фулаудың ұлдары Ибрагим мен Арабшаһ әкелерінің иелігін өз араларында бөліседі.

Бірақ, Бату 1242 жылы жан-жаққа аттандырған шолғыншы топтарын кері шақырады. Себебі оған Қарақорымнан суық хабар жеткенді. Ұлы хан Үгедей қайтыс болыпты. Ханзадалар арасында ұлы тақ үшін тартыс басталып та кеткен тәрізді.

Бату баһадүр дереу қолбасшылар кеңесін өткізеді. Кеңесте бір-ақ мәселе талқыланады. Орталық Еуропа елдеріне жорықты жалғастыра беру керек пе, әлде елге қайтқан дұрыс па?!

Нояндардың көпшілігі әскерлердің негізгі бөлігін Қара теңіз жағалауына қайтарып, Батудың Қарақорымға дереу аттанып кеткенін жөн санайды.

Осылайша Үгедей ханның өлімі Еуропаны көшпелілер қатерінен құтқарып қалды.

Батудың Қарақорымға асыққанының себебі бар. Венгрияға жорық кезінде Үгедейдің ұлы Күйік пен Шағатайдың немересі Бөрі менмендік танытып, бас

САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ

164 Сарайшық қаласы Атырау қаласынан солтүстікке қарай 40 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауына орналасқан. Қаланың іргесі XIII ғасырда қаланған. Сарайшықтың орнын үнемі су шайып, қазір шағын бөлігі ғана сақталған. Оның мәдени қабаттары Жайықтың оң жағалауында 1,5 шақырым жерге созылып жатыр. Онда тұрғын үйлер мен шаруашылық

құрылыстарының қалдықтары кездеседі. Сарайшық қаласының орнын 1937 және 1950 жылдары археолог Ә.Х. Марғұлан зерттеген. Қазба жұмыстары кезінде көптеген қыш бұйымдар, қола мен әйнектен жасалған заттар, тиындар, саз ыдыстар және XIII ғасырға жататын кірпіш күйдіретін пештің қалдығы табылды. Бұл заттар – қаланың XI – XVI ғасырларда өмір сүргенінің айғағы.



Сарайшық қаласы орнынан табылған мөр. XIV ғасыр



Құстар бейнеленген керамикалық ыдыстар. XIV ғасыр. Сарайшық



Сарайшық қаласының орны

қолбасшыға бағынғысы келмеген еді. Бату екі ханзаданы да елге қайтарған. Енді сол Күйік ханзада шешесі Теркун қатынның көмегімен ұлы таққа отырмақшы көрінеді.

Қара теңіз жағалауына қайтар алдында бас қолбасшы Дунай өзенінің бойында әскери шеру өткізіпті. Өз әскерлерінің көтеріңкі рухына риза болған Бату сол шеру өткен қазіргі Болгария мен Молдавия аумағын өз ұлысының батыс бөлігі деп жариялайды. Бұл өлкелерді басқаруды Ноғай ноянға тапсырады.


Зерттеушілер Батудың өзі жаулап алған аймақтарды түгел иеленбей, ұлысының батыс шегін Болгария және Молдавиямен шектегеніне әлі күнге дейін таң қалады. Ал мұның бірнеше себебі бар болатын. Ең алдымен, Болгариядан батысқа қарайғы Балқан жоталары мен Альпі таулары көшпелілерге онша ұнамаған-ды. Бұл жер мал жаюға өте қолайсыз, ал қыста қар қалың түсетін.

САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ

165



Сарайшық жеті хан күмбесі



Сарайшық. XIV ғасыр моншақтары



Сарайшық. XIV ғасыр теңгелері



Алтын Орданың алтын теңгелері. XIV ғасыр. Эрмитаж қоры



Алтын Орда дәуірінің күміс ыдысы. XIV ғасыр. Эрмитаж қоры

Екіншіден, көшпелілер неміс королі Фридрих II-мен құпия келісімге келген тәрізді. Осы оқиғадан соң, Еуропа шіркеулері Фридрих II-нің есімін қара тізімге енгізгені бекер емес.

Сонымен Бату баһадүр Қарақорымға жетеді. Бірақ мұнда мәселе шешіліп қойыпты. Күйік ханның ұлы тақты иеленетіні рас болды.

Бұл шешіммен келіспеген Бату құрылтайға да қарамай өз ұлысына қайтады. Еділ бойынан (қазіргі Астрахань қаласының маңынан) өзінің жаңа ордасы – Сарай шаһарының құрылысын бастайды. Жаулап алған қыпшақ, славян, бұлғар, т.б. тайпалардың ақсүйектерін ордасына шақырып, кеңес өткізеді. Бұрынғы Жошы ұлысының атауын өзгертіп, жаңа мемлекетін Алтын Орда деп атайды.

Неге Алтын Орда? Кейбір зерттеушілер бұл атауды Бату ойлап таппаған деп есептейді. Кезінде Шыңғыс ханның өзі де Ұлы мыңқолдар елін Алтан хандығына

БЕРКЕ ХАН

166 Берке (Береке, Беркай) – Жошының үшінші ұлы, Алтын Орда ханы. Батудың інісі. Берке хан 1209 жылы туған. Ол әкесінің көзі тірісінде Дешті Қыпшақ пен Түркістанның әміршісі болып тағайындалған. Берке билік жүргізген тұста (1257 – 1266) Алтын Орда ірі мемлекет ретінде қалыптасты. Берке билік басына келісімен исламды ресми дін етіп жариялап, Алтын Орда билеушілеріне мұсылман дінін қабылдатқызды. Құбылай хан билікке келгенде, Берке оны Шыңғыс хан империясындағы ұлы хан ретінде мойындаудан бас тартады. Сөйтіп Жошы ұлысын дербес мемлекетке айналдыруға тырысады. Еділ бойындағы Ахтуба деген жерде Берке Сарайы қаласын салдырады. Салық салу үшін 1257 жылы Русь халқына санақ жүргізіп, салық жинаушыға “басқақ” лауазымын тағайындайды. Ол Хулагу мен Құбылайға қарсы соғыстарда мәмлүк сұлтандарын, Арықбұғаны қолдайды. 1262 – 1265 жылдардағы Алтын Ордаға

тәуелді деп есептелген шағатайлық хан Алғудан (Алғұй) Хорезмді тартып алады. Берке батыс көршісі болгар ханы Константин Тешаның өтініші бойынша Византия императоры Михаил Палеологтың Балқандағы ісіне араласады.

1262 жылы Берке әскері ильхандықтардың одақтасы болған Византия иеліктерін талқандайды. 1266 жылы Кавказға жасаған жорық кезінде Берке қайтыс болып, оның денесі Берке Сарайында жерленеді.



Берке Сарай (Берке Сарайы) қаласы орнының сызбасы

Берке Сарай қаласын 1260 жылы Берке хан салдырған. Берке Сарай XIV ғасырдың 1-жартысында гүлденді. 1333 жылы сол қалада болған араб саяхатшысы ибн Баттута: “Жазираға салынған көрікті қалалардың бірі, адам көп. Онда сұлу көшелер мен сәулетті базарлар бой түзеген. Қаланы әр түрлі халықтар: моңғолдар, асылар, қыпшақтар, черкестер, орыстар және византийліктер мекендейді...” деп жазды. Берке Сарайын 1353 жылы Әмір Темір күйретті. Берке Сарай қаласының орнына жақын жерде қазіргі Ресейдің Волгоград қаласы тұр.

(Цзинь империясына) ұқсастырып Алтын Орда деп атауды дұрыс көріпті-міс. Бірақ бұл атау мыңқолдар еліне орнықтапты. Есесіне ұлы қаһанның немересі Бату атасы армандаған атауды өзінің жаңа мемлекетіне теліген.

Еділ бойындағы жаңа мемлекеттің астанасы Сарай шаһары (Бату Сарайы деп те аталады) тез өркендейді. 1245 жылы Рим папасы Иннокентий IX Лион жиынының шешімімен Қарақорымға елшілікке аттандырған 65 жастағы монах Платано Карпини өзі жолда аялдаған Сарай шаһарының сән-салтанатын тамсана жазады. Әсіресе, елшінің Бату ханның қабылдауында болуы егжей-тегжейлі әңгімеленген. Бату Рим папасының елшісіне жолда ешкім тоқтатпайтын алтын пайза беріп, Қарақорымға ұзатып салады. Платано Карпини қазіргі Қазақстан аумағы арқылы Қарақорымға жеткен. Оның жолжазбаларындағы деректер тым құнды.

НОҒАЙ



Ноғай жауынгері

Ноғай – Алтын Орда әскерінің қолбасшысы, Жошы ханның шөбересі. Ол XIII ғасырдың бірінші жартысында дүниеге келіп, 1300 жылы қаза тапқан. Ноғай жорықты Батумен бірге бастап, Алтын Орданың бесінші ханы тұсында әскер қолбасшысы болды. Ноғай 1252 – 1269 жылдары Батудың, кейіннен Беркенің Мысыр сұлтаны Бейбарыспен дипломатиялық байланыс орнатып, Хулагу-

ге қарсы одақ құруына зор ықпал етті. Берке ханның әскерін бастап Хулагуге және оның мирасқорларына қарсы талай рет жорық жасады. Берке өлгеннен кейін, Доннан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ жер Ноғайдың бақылауында болды. Ноғай 1273 жылы Византия императоры Михаил Палеологтың өгей қызы – Евфросиньяға үйленді. Польша, Венгрия, Болгария, Сербияға және кейбір орыс князьдіктеріне жиі-жиі шабуыл жасады. Бұл елдер Ноғаймен одақ құруға тырысты. Орыстың 1276 жылғы жазбаларына қарағанда, орыс князьдері В.В. Волынскиге, А.Д. Галицкийге, Мстиславқа елші жіберіп, қол астындағы ел ретінде литвандарға қарсы ұрысқа шақырған. 1288 – 1291 жылдары орыс князьдері Мстислав пен Данилович Ноғайдың Польшаға жасаған жорығына қатысты. Болгар князьдерін сайлауға да басшылық жасады. Ноғай хан аталмағанмен,

Бату жаулап алған Доннан Днепрге дейінгі аумақты билеп, Алтын Орданың Беркеден кейінгі хандары – Мөңке Темір, Туда Мөңке, Төле Бұқаға ықпал жасады. Оның араласуымен Төле Бұқа тақтан түсіп, орнына Тоқты отырды. Беделі артып тұрған Ноғайдан құтылу үшін Тоқты оған қарсы соғыс бастады. 1300 жылы Днепр өзені жағасында әскері жеңіліп, Ноғай қарсыласының қолынан қаза тапты. Орыс жазбаларындағы деректерге қарағанда, оның қол астындағы халықтың көпшілігі Каспий маңына қоныс аударды.

Рим папасының елшісі өзге де құрметті қонақтармен бірге 1246 жылғы Күйікті хан сайлауға байланысты шақырылған ұлы құрылтайға қатысқан. Бірақ бұл құрылтайға Алтын Орда билеушісі Бату келмейді.

Күйік хан да Бату баһадүрді өз ырқына бағындырудан үмітін үзбесе керек. Ресми жаушы жіберіп, Алтын Орда билеушісін Қарақорымға шақыртады. Бірақ Бату Қарақорымға шағын жасақпен емес, соңына қалың қол ертіп аттанады. Мұны естіген Күйік хан да қалың қолмен немере ағасына қарсы жүреді.

Екі қолдың қазіргі Жетісу аумағында кездесуі мүмкін еді. Бірақ, кездеспеген. Қарсыласының әскеріне жетуге бір күндік жер қалғанда Күйік хан оқыстан сырқаттанып, жолда қаза табады. Алтын Орда әскерлері шайқаспастан кейін қайтқан.

МЕҢГУ ТЕМІР

168 Меңгу Темір – Беркеден кейінгі Алтын Орда ханы. 1266 – 1280 жылдар аралығында билік құрған. Оның билігі кезінде Алтын Орда өмірінде ешбір саяси және мәдени өзгеріс болмаған. Меңгу Темірдің орыс князьдерімен арасындағы қарымқатынасы Берке хан саясатын жалғастырады. Египеттік араб тілінде жазатын жылнамашылардың айтуынша, Меңгу Темір тамағына шыққан белгісіз бір жарадан қайтыс болған. Меңгу Темір кезінде Алтын Орда тарихында бірнеше маңызды оқиғалар болды. Бұл бір жағынан Қырымның болашақтағы тағдыры үлкен рөл атқарған Кафедегі (Феодосия) генуялық сауда колониясының пайда болуы болса, екінші жағынан саяси сахнада Ноғай секілді танымал тұлғаның қалыптасуы еді.



Туда Меңгу (1280 – 1287) – Меңгу Темірдің інісі әрі мұрагері. Ол туралы Ноғайри: “Исламның барлық дәстүрін ұстанған, әрқашан шейхтар мен факирлер ортасында жүрген мұсылман”, – дейді. Бұл танымал тұлға болмаса да, Талас құрылтайы оны Алтын Орда ханы етіп сайлады. Туда Меңгуді сайлау кезінде Ноғай өзін Ноғай (Маңғыт) ордасының ханы деп жариялады. Екеуінің арасындағы қақтығыстан сақтанған құрылтай қыпшақ ханы – Ноғайды маңғыттар ханы деп тануды жөн

ТУДА МЕҢГУ

көрді. Болгариядағы Тертер хандығы (1280 – 1292) Ноғаймен тығыз байланыстағы нағыз моңғол протектораты болды. Ал, Туда Меңгудің Ноғайға ашық қарсы келуге жеткілікті дәрежеде күші болған жоқ. Туда Меңгу исламды жанды тану ретінде қабылдады. Ол исламдық ойды мистикалық оқудың жалғастырушысы, суфист болды. Суфизмнің әсерімен Туда Меңгу билікке қызығушылығын жоғалтып, өз қол астындағыларға мемлекетті басқаруға ерік берді. Кейіннен, ханның жан күйзелісі ауруына ұшырағаны жайлы қауесет тарады. Соңында Туда Меңгу тақтан тайып, орнына Төле Бұқа (1287 – 1290) сайланды. Алайда, шын мәніндегі хандықтың иесі Ноғай болды.

Күйік ханның өлімі Шыңғыс хан немерелерін екіге бөледі. Бұл кезде Төле де (1234 жылы қайтыс болған), Шағатай да (1242 жылы қайтыс болған) өмірден озған-ды.

Шыңғыс хан немерелерінің арасындағы ендігі беделдісі де, қаһарлысы да Бату болатын. Бірақ Алтын Орда билеушісі 1251 жылдың шілдесінде Керулен өзенінің бойында болған Ұлы мыңқолдар елінің құрылтайына інісі Беркені жіберіп, өзінің ұлы тақтан бас тартатынын, орнына Мөңкені ұсынатынын жеткізеді.

Мөңке де Батудың иелігіне тиіспей, Алтын Орданың дербестігін сыйлап өткен. Оның 1254 жылы Қарақорымға келген Франция королінің елшісі Вильям Рубрукке “Менің және Батудың билігіне жер бетіндегі бүкіл халық құлдық ұруға тиіс” деп айтқан сөзіне қарағанда, екеуі ұлы аталарынан қалған ұлан-


ТӨЛЕ БҰҚА

Төле Бұқа (Тула Бұқа) – Алтын Орда ханы. Венгрлерден кейін Ноғай мен Төле Бұқа назарларын Польшаға аударды. 1286 жылы Ноғай Польшаға жорыққа шықты. Бұл бірлескен жорық кезінде Ноғай мен Төле Бұқаның қарым-қатынасы шиеленісті. Біртіндеп араздастық күшейді. 1288 жылы Төле Бұқаның ильхандар мемлекетімен Берке хан тұсында басталған жанжалы қайта өршіді. Алтын Орда ханының мақсаты Әзербайжанды жаулап алу еді. Қарсыластары Тоқтайды (Меңгу Темірдің ұлы) таққа отырғызғысы келді. Төле Бұқа Тоқтайды ұстауды ұйғарады. Алдын ала хабар алған Тоқтай Ноғайдан көмек сұрайды. Ноғай оның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Төле Бұқа қол жинап, ұрысқа дайындалады. Бірақ Ноғайдың адамдары Төле Бұқаны айлакерлікпен қоршап алып, Тоқтайға ұстап береді. Сөйтіп, Төле Бұқаны өлтірткен Тоқтай таққа отырады.

ТАЛАС ҚҰРЫЛТАЙЫ

Талас құрылтайы – 1269 жылы көктемде Шыңғыс хан ұрпақтары мен моңғол ақсүйектерінің қатысуымен болған моңғол империясының соңғы үлкен жиыны. Құрылтайда саяси және экономикалық маңызды мәселелер қарастырылып, үлкен шешімдер қабылданды. Құрылтай қазіргі Тараз қаласы төңірегінде өтті. Құрылтайдың шақырылуына Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы саяси тартыс түрткі болды. 1259 жылы ұлы хан Мөңке қайтыс болғаннан кейін оның інілері Арықбұға мен Құбылай арасында тақ үшін күрес басталған еді. Екеуі бір мезгілде 1260 жылы хан сайланады. Талас Құрылтайына Шағатай ұрпақтарынан Барақ, Үгедей ұрпақтарынан Хайду, Жошы ұрпақтарынан Меңгу Темір хан мен Берке-жар қатысты. Құрылтайда шағатайлық Барақ пен үгедейлік Хайду арасында пікірталас туып, ақырында “...Осы күннен бастап өткен

оқиғаларды еске алмаймыз, жайлау мен қыстау үшін жұртты өз арамызда әділ бөлеміз”, – деген шешімге келеді. Сол шешім бойынша Мәуереннахрдың үштен екісі Бараққа, үштен бірі Хайду мен Меңгу Темірге тиесілі деген келісім қабылданады. Осылайша, Талас құрылтайының нәтижесінде Мәуереннахрда Хайду мемлекеті (1269 – 1301) құрылды. 1269 жылғы Талас құрылтайы саяси жағынан алғанда Моңғол империясының ыдырап, дербес мемлекеттерге бөлінгенін заңдастырды.



Ат үстіндегі қырғыз сарбазы

байтақ аймақты бірге билеген сияқты. Батудың Таяу Шығысты жаулап алуға аттанған Хулагуге көмекке әскер жіберуі де көп нәрсені аңғартқандай. Тіпті, Хулагуге бағынған салжұқтар елін де Бату басқаратын еді. Бұған салжұқтар сұлтаны Кейқұсырау II-нің Батуға үш елшілік жібергені дәлел.

Қалай болғанда да, 1257 жылдан кейін Ертіс өзенінен Болгария мен Сербияға (1248 жылы Алтын Ордаға қосылған) дейінгі аймақ Алтын Орда аталатын дербес мемлекет ретінде өмір сүре бастағаны анық.

Бату хан осынау кең байтақ аумақты басқарудың жаңа жүйесін орнықтырды. Алтын Орданың Ертіс өзенінен Арал теңізіне дейінгі бөлігін Бату өз ағасы Орда Ежен ұрпақтарының басқаруына бергенін, бұл бөліктің бірте-бірте Ақ Орда аталғанын бұрын айтып өткенбіз. Ал Ақ Орданың солтүстік-батыс жағында (қазіргі Ақтөбе, Қостанай облыстары аумағы) Батудың тағы бір інісі Шибан

ТОҚТА ХАН

170



Тоқта (Тоқтай) – Алтын Орда ханы. Батудың шөбересі. Туған жылы белісіз, 1312 жылы қайтыс болған. Тоқтаны 1288 жылы бауырлары елден қуып жібергендіктен, ол Ноғайды паналаған. Ноғай айлакерлікпен Тоқтаның қарсыластарын алдымен өз жағына тартып, кейіннен оларды өлтіреді де, 1291 жылы Тоқтаны таққа отырғызады. Ноғай

Тоқтаның өз айтқанымен жүретініне сенімді болған. Алайда Тоқта Ноғайдың айтқандарынан да бас тартады.

Тоқта өте қабілетті билеуші және өзінің алдында хан болған Төле Бұқа мен Туда Меңгуден бөлек мінездегі адам екендігін көрсетті. Ол билікке келген алғашқы күннен-ақ, күшті әскер мен әкімшілікті жинай бастады. Тоқта өз билігін барлық Солтүстік Руське жүргізуге күш жұмсады. 1293 жылы Тоқтаның інісі Дуден орыс князьдерінің иеліктерін талқандайды. Ноғай хан орыс істеріне араласпағанымен Тоқтаның іс-әрекеті оны бейжай қалдырмады. Көп кешікпей екеуінің арасында алауыздық туындайды. Тоқта Сербияны алғысы келген оймен 1293 жылы өз әскерін жібереді. Корольдің оларды қабылдаудан басқа шарасы қалмады. 1299 – 1300 жылдары Тоқта әскерін батысқа қарай

жорыққа аттандырады. Днепрдегі соғыста Тоқта Ноғайды талқандап, Еділден Дунайға дейінгі жерлерді қолына қаратты.

Рашид әд-Дин: “Оның балалары мен әскері қашып кетті. Оны Тоқта армиясынан бір орыс солдаты ұстап өлтірмек болды. Ноғай атын айтып Тоқтаға жолықтыруын өтінді, алайда солдат оның басын кесіп ханға апарды. Тоқта ақсақалдың өліміне қайғырып, өлтірген кісіні дарға асуды бұйырды” – дейді.

Бізге жеткен деректерге қарағанда Тоқта мұсылман емес, будда дінін ұстанған. Ол Ноғайдың саясатын жүргізген. Рашид әд-Диннің “Тарихында” Тоқта 1312 жылы қайтыс болды деп көрсетілген.

(Сибан, Шибан) ұрпақтары билік жүргізді. Тоқа Темір ұрпақтары, сірә, қазіргі Маңғыстау түбегіндегі тайпаларды басқаруға алса керек. Талантты қолбасшы Ноғай ноян Алтын Орданың қиыр батысын (Днепр өзенінен Дунайға дейінгі аймақты) бақылауында ұстаған.

Алтын Орданың алғашқы билеушісі өз боданына айналған тегі басқа отырықшы халықтарды басқарудың да ұтымды жүйесін тәжірибеге енгізді. Мысалға, бұдан былай Рязань, Суздаль, Тверь, Киев, Галиция сияқты славян князьдіктерінің билеушілері Алтын Орданың астанасына келіп, ханның алдына жығылуға, тек ол рұқсат (жарлық) берген жағдайда ғана өз князьдігін билеуге құқық алуға тиісті болды. Алтын Орда ханының жарлығымен қатардағы славян князьдерінің арасынан бір ұлы князь белгіленіп отырды. Мұндай тәртіпке тек славян князьдері ғана емес, өзге де бодан елдердің билеушілері еріксіз бағынуға

ӨЗБЕК ХАН



Алтын Орда жауынгері
(Қ.С. Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)

Өзбек (Сұлтан Мұхаммед)
– Алтын Орда ханы,
Тоғылықтың ұлы. Туған
жылы белгісіз, 1342 жылы

қайтыс болған. Өзбек 1312
жылы таққа отырған. Оның
билік жүргізген кезінде
Алтын Орданың ықпалы

күшейіп, мемлекет нығайды. Ол Ресейдің күшейіп кетуінен қаймығып, орыс князьдерін бір-біріне айдап салу саясатын жүргізді. Мәскеу князі Юрий Даниловичті ұлы князь деп жариялап, оған қарындасы Кончакені әйелдікке берді. Сөйтіп, оны Тверь князі Михаил Ярославичке қарсы қойды. Өзбек хан татар жасақтарын Юрийге қосты, бірақ, кейінгі бір соғыста Михаил Юрийдің әскерін күйрете жеңді. Өзбек хан Михаилды Ордаға сотқа шақырып, өлтіріп тастады. 1327 жылы Өзбек хан Мәскеу князі Иван I Данилович Калитаның көмегімен Тверьдегі халық көтерілісін қаталдықпен басып, Тверь князьдігін таратты. Солтүстік-шығыс Русь аймағын Мәскеу мен Суздаль князьдіктерінің иелігіне бөліп берді. Өзбек хан 1339 жылы Иван Калитаның шағыстыруымен Тверьдің ұлы князі Александр Михайловичты ұлы Федормен қосып өлтірді.

мәжбүр болды. Бату, тіпті, гүржілер (грузиндер) патшасы Давидті өз ордасына шақырып алып, біршама уақыт аманатта ұстаған.

Бодан елдердің халқы өздерінің жыл сайынғы табыстарының оннан бірін салық ретінде хан қазынасына төлеуге тиісті болды. Әрбір он ер азаматтың біреуі Алтын Орда әскерінің қатарына алынды.

Жергілікті князьдердің қызметін бақылап, салықтың жиналуын қадағалау үшін әр шаһарға Алтын Орда ханының сенімді өкілдері жіберілді. Оларды даруға немесе басқақ деп атады. Басқақтар өз әскерімен шаһар жанындағы табиғат аясында тұрған. Орыс қалаларындағы “татар слободкалары” кезіндегі сол басқақтар қонысы негізінде пайда болған.

Бату хан Дешті Қыпшақтың байырғы тұрғындарына арқа сүйейді. Шын мәнінде Алтайдың арғы бетінен келген тайпалар мен Дешті Қыпшақтағы

ИВАН КАЛИТА

172 Иван I (Иван Калита, Қалталы Иван) – Мәскеу князі (1325 жылдан), Владимирдің ұлы князі (1328 жылдан), Мәскеу князі Даниил Александровичтің баласы. Туған жылы белгісіз, 1340 жылы қайтыс болған. Иван I Мәскеу князьдігінің саяси және экономикалық қуатының артуына негіз қалады. Ол қаталдығымен, айлакерлігімен, ақылдылығымен және табандылығымен тарихта қалды. Алтын Орда билеушілерінің көңілін тауып, бұрын Алтын Ордаға орыс князьдіктері беріп тұратын мол салықты өзі жинап беруге қол жеткізген. Басқа князьдіктерден аяусыз мол салық жиып, Мәскеу князьдігін қаржыландыруға ықпал жасаған. Иван I-нің Солтүстік – Шығыс Русь жеріне (Тверь, Псков, Новгород) үстемдігі жүрді. Салық жинаудың арқасында мол байлық жинады (оның лақап аты “калита” – “ақшалы сөмке”, “қалталы” дегеннен шыққан). Иван I салықтан

жиналған мол қаржыға басқа князьдіктердің иеліктерін сатып алып, Мәскеу князьдігін күшейтуге зор күш салды. Иван I заманында “бүкіл

Русьтің” діни басқармасы Владимирден Мәскеуге қоныс аударды, шіркеу Иван I-нің саяси және идеологиялық беделін көтерді.



Владимир қаласындағы «Алтын қақпа». XII ғасыр ғимараты

байырғы тұрғындар тілі, тұрмысы, мәдениеті, ділі ортақ ежелден туыс халықтар болатын. Бірте-бірте Алтын Орда мемлекеті әскерінің құрамы жағынан да, билік жүргізу дәстүрі жағынан да нағыз қыпшақтар еліне айналады.

Бату хан өз ұлысының Шығыс пен Батыстың ортасындағы керуен жолдарының бойында орналасқанын ұтымды пайдаланып, Қырым түбегіндегі бұрынғы сауда орындарын, Еділ бойындағы қолөнер кәсібін қайта жандандыруға күш салыпты. Бірақ, Алтын Орданың алғашқы ханы өзінің ойларын түгел жүзеге асыра алмады. Көшпелілердің әскери өнерінің еуропалықтардан озық екенін өз тәжірибесімен дәлелдеп кеткен ұлы баһадүр 1256 жылы 48 жасында Еділ бойындағы өз ордасында дүние салды. Алтын Орданың алғашқы ханы сол маңдағы кең жазықтың біріне жерленіп, көшпелілер салтымен қабірі үстінен мыңдаған жылқы айдап өтілген. Жерлеу рәсімін ұйымдастыруды ханның тетелес інісі Берке басқарған.

БАСҚАҚ



Басқақ. Суретші С. Иванов

Басқақ – Алтын Орда хандарының жаулап алған жерлеріндегі тағайындаған сенімді өкілдері, салық жинаушы лауазым иесі. Оны кейініректе даруға (моңғолша “мөр иесі”) деп те атаған. Жергілікті тұрғындар арасында болып жатқан барлық жағдайдың жай-жапсарын және жергілікті билеушілердің қызметін

тексеріп, бақылап отыру үшін хан олардың сыртынан сенімді “даруғасын” – басқағын отырғызған. Басқақтың қарауында арнайы жасақталған жеке әскері болған. Басқақтың шабарман әскері елдің зәресін ұшырмай, олардың бірден қарсылығын туғызбас үшін көбіне қала сыртында тұрған. Егерде оқыс жағдай туып, қандай да



Моңғол тамғалары (мөрлері)

бір князь немесе билеуші хан жарлығына бағынбай, оны орындаудан бас тартса, алым-салық төлемесе, басқақ өзінің арнайы жасағымен аттанып, басып отырған. Бағынышты елден жиналған алым-салықтың 1/10 бөлігі Хан салығы деп аталған. Әрбір он ер адамның біреуі хан жасағында қызмет етуі міндетті болған.

Бату қайтыс болғанда, оның үлкен ұлы Сартақ Қарақорымдағы Мөңке хан ордасында болыпты. Мөңке Алтын Орданы басқаруға Сартақты аттандырады.

Сартақ несториан сенімін ұстанатын-ды. Оның Бату сарайына келе сала “мұсылмандардың жүзін көргім келмейді” деген сөзі жергілікті қыпшақ билеушілеріне де, тіпті, әкесінің тетелес інісі Беркеге де ұнамайды. Берке де жергілікті халық әсерімен мұсылмандыққа бет бұра бастаған еді. Сартақ әкесінің тағына отырмай жатып оқыстан қаза табады. Кейбір зерттеушілер Сартақтың ажалына “сарай маңындағы мұсылмандар себеп болған” деп есептейді. Жоғарыдағы өктем сөзі мұсылмандардың намысына тисе керек. Алтын Орда тағына Сартақтың жас баласы Ұлақшы мұрагер болып тағайындалады. Ұлақшы ер жеткенше хан ордасының билігін Батудың әйелі Барақшын қатын жүргізетін болып шешіледі. Алайда, көп ұзамай, Ұлақшы да оқыстан қаза

ЖӘНІБЕК ХАН

174 Жәнібек – Алтын Орда ханы. Өзбек ханның баласы. Туған жылы белгісіз. 1342 – 1357 жылдары өзі хан болған тұста Алтын Орданың ішкі және сыртқы саяси жағдайын нығайтуға барынша күш салды. Алтын Ордаға бағынған орыс князьдіктерінен алым-салық жинауды біршама реттеп, бір жүйеге келтірді. Алтын Ордаға төңіректегі жерлерді қосып алуға ұмтылды. Ирандағы Хулагу әулетінің ішкі қырқыс-тартысын пайдаланып, 1357 жылы әскерін Әзербайжанды басып алуға аттандырды. Көп ұзамай Жәнібек әскерлері Иранның солтүстіктегі астанасы Тебриз қаласын алды. Жәнібек оны баласы Бердібекке билеуге берді. Алтын Ордаға қайтқан сапарында Жәнібек Бердібек ұйымдастырған сарай жанжалының құрбаны болды.



Дербенттегі Жәнібек салдырған Нарын қала қорғаны



Нарын қала қорғанындағы хан моншасы

табады. Сарай маңындағы бұл оқиғалар Барақшы қатынды да шошытады. Ол құпия жағдайда Ирандағы Хулагуге аттанып бара жатқан жерінен тұтқынға алынып Батудың тетелес інісі Беркенің жарлығымен өлтірілді. Осылайша, 1257 жылы Алтын Орда тағына Берке отырады.

Берке хан Қарақорымдағы ұлы хан Мөңкенің дәргейіне бағынудан мүлде бас тартады. Мөңкенің атынан келген салық жинаушыларды соққыға жығып, Қарақорымға бос қайтарады. Осыдан былай бұрынғы Жошы ұлысына бағынған елдерден жиналған қазынаның бәрі Алтын Орданың өзінде қалдырылады. Бұл, енді, Алтын Орданың мүлде дербес мемлекетке айналғанының белгісі еді.

Өзінің дәргейіне бағынудан бас тартқан Алтын Орданың жаңа билеушісін жазаға тартуға Қарақорымдағы ұлы хан Мөңкенің де мұршасы болмайды. Бұл кезде ол Сун империясын жаулап алу қамымен бас қатырып жатқан-ды.

БЕРДІБЕК ХАН

Бердібек – Алтын Орда ханы, Жәнібектің баласы, Өзбек ханның немересі. 1356 жылы Жәнібек Әзербайжанды басып алғанда Бердібекті Тебриздің билеушісі етіп қойған. Кейбір деректерге қарағанда Бердібек Алтын Орданың ықпалды әмірлерінің бірі Туғлубимен бірге Жәнібек ханды қастандық жасап өлтірген көрінеді. Басқа мәліметтерде Жәнібек көзі тірісінде-ақ Бердібекті хан етіп жариялағандығы айтылады. 1357 жылы Жәнібек өлгеннен кейін Бердібек оның мұрагері ретінде таққа отырған. Бердібек Алтын Ордадағы билікті өз қолына алған соң Жошы әулетінің беделді адамдарын, сондай-ақ, Туғлубидің өзін және оның баласы Семейді өлтірткен. Бердібек кейбір жазба мәліметтер бойынша 1359 жылға дейін хандық құрған. Бердібектің өлімі жөнінде нақты тарихи дерек жоқ. Бір

мәліметтерде Бердібек өз ажалынан, екіншісінде Жошы әулетінен шыққан бәсекелесі Құланның қолынан қаза тапқан делінген. Бердібектен кейін Алтын Ордада Өзбек ханның ұрпақтары билік жүргізбеді. “Нар мойыны Бердібекте кесілді” деген сөз осыны аңғартса керек.

175



Алтын Орданың күміс теңгелері. XIV ғасыр



Ер-тұрман жапсырмасы. Күміс. XIII ғасыр

Оңтүстік Қытайға жорық кезінде Мөңкенің 1259 жылы қаза тапқаны белгілі. Іле-шала Мөңкенің інілері Құбылай мен Арықбұға арасында ұлы тақтың мұрагерлігі үшін талас Шыңғыс хан имприясының ыдырауына әкеліп соқты. Құбылай Бежін шаһарын астана етіп, қазіргі Қытай аумағында Юань патшалығын құрды. Оның тағы бір інісі Хулагу өзі жаулап алған Иран аумағына кетіп, Тебриз шаһарына түпкілікті орнықты да, Илхандар мемлекетінің негізін қалады.

Алтын Орда мен Илхандар мемлекеті арасындағы қарым-қатынас бірден шиеленісіп сала берді. Алтын Орда билеушісі Беркеге немерелес інісі Хулагудің Таяу Шығыстағы мұсылман қауымына көрсеткен зәбірі ұнамапты. Араб халифатын билеген Аббас әулетінің соңғы өкілін өзге Шыңғыс ұрпақтарымен келіспей Бағдатта өлім жазасына кесуін мүлде кешірмепті.

ЖАМАЛ ҚАРШИ

176 Жамал Қарши – Қазақстанның Жетісу аймағында туып-өскен тарихшы, жазушы, ғалым. Жамалдың толық аты-жөні – Абдул-Фазал ибн Мұхаммед. Ол 1230 жылы туылып, 1315 жылы Алмалық қаласында қайтыс болған. Жамал Қарши әкесі Мұхаммедпен бірге Алмалыққа келіп, өсе келе Шағатай ханға қызмет еткен. Жамал әкесімен бірге қаңлы тайпасының ортасында болып, бала күнінен өз жері мен елінің тарихи шежіресін, аңыздарын тыңдаған. Алмалық пен Қашқарда білім алып, араб, парсы әдебиетін оқып үйренген. Жамал Қарши – сол заманда Орталық Азия мен Жетісуда болған оқиғаларды жете біліп, оны хатқа толық түсірген ғұлама ғалым. Ол оқиғаларды көзімен көріп, ал өзінен бұрынғыларын кемеңгер қариялардан естіп білген. Сондықтан оның жазғандары аса түсінікті, әрі айқын берілген. Жамал Қаршидың мұндай қасиетін

Жетісудың (одан үш ғасыр өткен соң жасаған) тағы бір ғалымы Мұхаммед Хайдар Дулат ерекше бағалап, өзіне ұлы ұстазы санаған. Жамал Қаршидың еңбегі араб тілінде жазылып, “Мұлхақат ас-Сурах” (“ас-Сурахқа қосымша”) деп аталған. Онда XIII – XIV ғасырларда көкейтесті болған мәселелерді көтере білген. Географияны, тарихты, мәдениетті тануда және сол кезде жасаған адамдардың өмірін білуде бұл еңбектің маңызы зор. Тарихи оқиғалардан Жамал Қарши Оғыз-қарахан дәуірін және Шыңғыс хан дәуірінің алғашқы кезеңінен тамаша суреттеген. Жамал Қаршидың айтуынша, ғұлама ақындардың көп шыққан жері – Сырдарияның жағасы. XIII ғасырда Сыр бойында жасаған ғұлама ақындардың ең күштісі Хиса-меддин (Құсам) Баршынлығы болған. Ол кісімен танысып әңгімелесу үшін Жамал Қарши 1273 жылы Алмалықтан Сыр бойына

іздеп барған. Ол Құсамның дәрісін тыңдап, Сыр бойын аралап Жент қаласына дейін барған. Жол-жөнекей оғыз-қыпшақ ауылдарымен таныса жүріп, олардың қарияларынан шежіре, аңыз-әңгімелерді жазып алады. Жент қаласында бірнеше күн болып, оның сыртқы көрінісі, тарихи ескерткіштері жөнінде жазған. Жент қаласының базарын аралап, оның аса қызу, саудагерлердің көп жиналған жер екенін әңгімелейді. Ол кезде Сыр бойында, негізінен, қыпшақ тілі үстем болған. Жамал Қаршидың еңбегінде Орта Азия мен Қазақстандағы қалалар, олардың шығу тарихы, құрылысы, мәдениеті, шаруашылығы, саяси тіршілігі тамаша суреттелген. Солардың ішінен Сыр, Талас, Жетісу бойындағы ірі қалалар: Алмалық, Баласағұн, Талас, Сайрам, Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент қалалары тамаша суреттелген.

Берке хан мен Хулагу патша арасындағы алауыздықтың себебі олардың әр түрлі діни сенімдер ұстанғанында ғана емес-ті. Алтын Орда билеушісі Батудың кезінде Дешті Қыпшақ сарбаздары көмегімен жаулап алынған Өзербайжан аймағын өз иелігі деп есептесе, Хулагу мұндай талапқа көнгісі келмейді. Мәселенің соғыссыз шешілмейтінін сезген Берке хан Мысыр мәмүліктеріне елші аттандырып, Хулагу патшалығына қарсы одақтас болуын өтінеді. Мысырда бұл кезде Дешті Қыпшақ даласынан шыққан Бейбарыс сұлтан билік құрып отырған. Алтын Орда билеушісінің ұсынысын Бейбарыс қуана қолдайды. 1261 жылдан бастап екі ел арасындағы елшілік қатынастар өте жиілеп кеткен. Берке хан елшілері Мысырдағы Александрия портына бірінен соң бірі келіп жатса, Бейбарыс елшілері Қырымдағы Судак портына әбден бауыр басып алған еді.

РАБҒУЗИ

Рабғузи – XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген түркі ғұламасы. Нақты туған және өлген жылдары белгісіз. Шыққан тегі түркілердің оғыз тайпасынан. Хорезм маңындағы Рабати атты оғыздардың елді мекенінде дүниеге келген. Оның шығармасы түркі тілді халықтардың бәріне ортақ. Рабғузидың 1309 – 1310 жылдары жазылған “Қисса-с-ул әнбия” (“Әулиелер туралы әңгімелер”) атты шығармаларының жинағы (жетпіс екі аңыз-қиссасы) Таурат пен Құранда баяндалған оқиғалардың желісінде тәпсірленіп жазылған. Түркі тілінде жазылған бұл жинақтың мәтіні өлең-жыр түрінде жасалған. Ондағы бірқатар қиссалар халық ауыз әдебиетінің үлгісінде жазылған. Рабғузидың жазған “Қисса-с-ул әнбия” атты қиссасы қазақ әдебиетінің

ертедегі нұсқасы ретінде зерттеліп келеді. Рабғузи шығармалары өз кезегін-

де қазақ ақындарының шығармашылығына да әсер еткен.

177



Хандардың аңға шығуы. Парсы миниатюрасы

Мысыр билеушісі өзінің шыққан Отаны Алтын Ордамен достық қарым-қатынастан көп пайда тапқан еді. Ол, бір жағынан, Дешті Қыпшақтағы бауырларын өзіне шақырып, мәмлүк сарбаздарының қатарын сенімді жігіттермен толықтыруға мүмкіндік алса, екінші жағынан Әзербайжандағы талас-тартыс Хулагуді Мысырға жорық жасау ниетінен бас тартуға мәжбүр етті.

Мұндай жағдайға келіспеген Хулагу 1262 жылдың қарашасында қалың қолмен Қап тауындағы Дербент асуынан өтіп, Алтын Орда аумағына енеді. Оған қарсы Ноғай қолбасшы бастаған Алтын Орда түмендері аттанады. Екі әскер желтоқсан айында Терек өзені бойында кездескен. Шайқас өте ауыр болған сияқты. Мыңдаған Хулагу сарбаздары Терек өзенінің суына кетіп мерт болған.

Бұл жеңілістен соң Хулагу өз еліндегі қыпшақ саудагерлерін ұрып-соғып қуып жібереді. Берке хан да ирандық саудагерлерге қарсы дәл осындай жаза қолданған.

САЙФ САРАЙ

178



Сарайдың өз қолжазбасы тек 1915 жылы ғана белгілі болды. Оның фото-көшірмесі Анкарада (1954), орыс графикасы негізінде транскрипциясы Ташкентте (1968) жарыққа шықты. Дастан мәтіні қыпшақ тілінде жазылған. Шығарманың негізгі бөлімі Сағдидің “Тұлстанының” еркін аудармасынан тұрады. Сондай-ақ, дастанда, Сайфтың өзімен

замандас сегіз шайырдың газелдері, өзінің жазған лирикалары, нақыл, ғақлия сөздері мен толғаулары да енген. Сайфтың бұл поэмасы XIV ғасырдағы қыпшақ әдебиетінде қалыптасқан әдеби дәстүрдің озық үлгісі болған. Сайф Сарай өмірінің соңғы кезеңін мәмлүктер билігіндегі Мысырда өткізіп, сонда 1319 жылы дүниеден өтеді.

Сайф Сарай – 1321 жылы Сарай қаласында туылған қыпшақ ақыны. Қазақстандық тіл маманы Әмір Наджип Сайф Сарайды қазақ халқының негізін құраған қыпшақ ру-тайпасынан шыққан ақын, әрі ғұлама ғалым болған деп есептейді. Бізге жеткен түркі тіліндегі “Тұлстан” (1391) атты еңбегін (5 мың жолға жуық) Египетте жазып аяқтайды. Сайф



Ортағасырлық қолжазбалар

Кейін 1266 жылы Хулагу еліне қарсы Алтын Орда сарбаздары жорыққа аттанған. Ноғай басқарған сарбаздар Дербент асуынан өтіп, Тебриз шаһарының өзіне қатер төндіріпті. Бірақ Ақсу өзені бойындағы шайқаста Ноғай сарбаздары жеңіліске ұшырайды. Бір көзінен жарақат алған Ноғай әскерін кейін шегіндіреді. Бұл хабарды естіген Берке хан тағы да қосымша әскер алып, бас қолбасшысына көмекке асыққан. Берке бастаған әскерлер Тифлис шаһарына жетіп, Кура өзенін кесіп өтеді. Шешуші шайқас осы өзеннің жағасында болған.

Ибн Уасылдың жазуы бойынша, Курадағы шайқасты бақылап тұрған Берке хан былайша күңіреніпті:

– Мыңқолды мыңқолдың қылышымен қырып жатқан мына Хулагудің жаза-сын Алла берсін! Бірлігімізді сақтасақ қой, біз ендігі жер-жаһанды бағындырған болар едік.

ХОРЕЗМИ

Хорезми – XIX ғасырда өмір сүрген ақын. Оның өмірі жайлы нақты мағлұмат сақталмаған. “Махаббат туралы хикая” (“Мухаббатнама”, 1353 жылы жазылған) атты дастанының оқиға желісіне қарағанда, Хорезмидің Хорезм аймағында, яғни Арал маңында ғұмыр кешкені байқалады. Хорезми шағатай және парсы тілдерін жақсы білген. Хорезмидің екі қолжазбасы ғана табылған. Оның бірі 1432 жылы ұйғыр жазуымен, екіншісі 1508 – 1509 жылдары араб жазуымен көшірілген. Ұйғырша нұсқасы шағатай (көне өзбек) тілінде жазылған 10 хат-жырдан құралған. Арабша нұсқасында (екіншісі) 11 хат-жыр бар, оның сегізі көне өзбек (шағатай), үшеуі парсы тілінде жазылған. Бұл екі жазбаның екеуі де Британ мұражайында сақтаулы.



Ортағасырлық қолжазбалар

Амал қанша, көшпелілер бірлігін сақтай алмады. Қура бойындағы шайқаста жеңіліс тапқан Берке хан еліне қайтады.

Берке билігі тұсында Алтын Ордада сауда мен мәдениет қайта өркендей бастады. Ақтұба өзенінің шығыс жағалауында тағы бір жаңа шаһар бой көтерді. Бұл шаһар Берке Сарай деп аталып, Алтын Орданың екінші астанасы қызметін атқарды. Кейін Өзбек хан тұсында (1313 – 1341) Алтын Орда астанасы бұрынғы Бату Сарайдан осы Берке Сарайға көшірілген.

Дешті Қыпшақ саудагерлері оңтүстіктегі Үргеніш, Бұхара қалаларынан, Қырымдағы Судак порты арқылы Византияға дейін сауда жасауға мүмкіндік алды. Берке 1257 жылы өзінің боданы болып табылатын славян князьдіктерінде алғаш рет халық санағын жүргізген. Иелігіндегі адамдардың санын білу оған жиналатын алым-салықтың мөлшерін анықтау үшін қажет болыпты. Берке

ОРЫС ХАН

180



Алтын Орда жауынгері
(Қ.С. Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)

Орыс хан – Ақ Орда ханы, қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы. Орыс хан – Жошының он үшінші баласы

Тоқа Темірдің (Жошы – Тоқа Темір – Өз Темір – Қожа Бәдік – Орыс хан) ұрпағы. Орыс хан 1361 – 1362 жыл-

дары Ақ Ордада әкесінің орнына таққа отырды. Бірақ 1368 – 1369 жылдардан бастап қана Орыс хан Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтуға ұмтылды. Абді әр-Раззақ Самарқанидің баяндауынша, Орыс хан Ақ Орданың Сырдария маңындағы аймақтарында егін және қала шаруашылықтарын дамытуды қолдаған. Орыс хан Алтын Орданың ішкі істеріне белсене араласуды жақтаған. Ақ Орданың ханы болып тағайындалған соң ішкі қырқысты жойып, Алтын Орданы өзіне бағындыруға әрекет етті. XIV ғасырдың 70-жылдарының орта шенінде Қажы Тарханды (Астрахань), 1374 – 1375 жылдары Сарай қаласын өзіне бағындырды. Орыс хан Ақ Орданы әлсіретіп, ондағы таққа өз адамы Тоқтамысты отырғызуға тырысқан Әмір Темірдің әрекетіне тойтарыс беруге күш салды.


хан тұсында Алтын Орда әскерлері Галиция арқылы қазіргі Литва, Польша аумағына тағы бір рет жорық жасапты. Көшпелілер әскері Краков шаһарын ойрандап, мол олжамен еліне қайтқан.

Берке хан тұсында Алтын Орда мен Византия арасындағы қарым-қатынас та бірде тату, бірде қату сипат алады. Тіпті, Ноғай қолбасшының 1265 жылғы Византияға жорығы сәтті аяқталады. Көшпелілер әскерінің екпініне шыдай алмаған император Михаил VIII Палеолог Ноғай қолбасшыға мол тарту-таралғымен бірге Евфросинья есімді қызын ұзатып, бір қатерден аман қалады.

Бұл жорықтың басталу себебі де қызық. Салжұқ сұлтаны Изеден Хулагуге қарсы бірлесіп күресуге көмек сұрап Византия императорына келеді. Бірақ император Михаил VIII Хулагумен арадағы қарым-қатынасын бұзғысы келмей салжұқ сұлтанын қамауға алады. Изеденнің інісі Рукнедин сұлтан Алтын Орданан көмек

ТОҚТАМЫС ХАН

Тоқтамыс – Алтын Орда ханы. Туған жылы белгісіз, 1406 жылы қайтыс болған. Жошы ханның ұрпағы. Ол XIV ғасырдың 70-жылдары елінен қашып кетіп, Әмір Темірді паналады. Әмір Темір Тоқтамысқа Отырар мен Сауранды берді. Тоқтамыс 1378 – 1379 жылдары Әмір Темірдің көмегімен Сығанақты жаулап алды. Ол Мамайдың Күлік шайқасы кезіндегі жеңілісін пайдаланып, Орда тағына отырды. Тоқтамыс таққа отырысымен Ордадағы Шыңғыс хан ұрпағының тақ үшін 25 жыл бойғы қырқысуларын тоқтатты. Сонымен қатар Көк Орда, Хорезм, Астрахань иеліктері мен Мамай ордаларының басын қосып, қуатты Алтын Орданың бірлігін қалпына келтіруге күш салды. Тоқтамыс Орда өкіметінің қол астынан шықпақ болған Ресей жерлеріне қаһарын төкті. 1382 жылы Тоқтамыс Мәскеуді басып алды. Қала түгелге



Тоқтамыс әскерінің Мәскеуді алуы. XVI ғасыр миниатюрасы



Тоқтамыс хан тұсында соғылған күміс теңгелер

дерлік күйреді. Ресейдің бірқатар қалалары мен жерлері осындай жағдайға тап болды. Тоқтамыс Мәскеудің күшеюінен сескенип, оның бәсекелестері – Нижний Новгород, Суздаль және Тверь князьдіктерін қолдады. Әмір Темірдің билігінен біржолата құтылмақшы болған Тоқтамыс 1389 жылы оның иеліктеріне шабуыл жасады. 1391 жылы 18 шілдеде Кондуруч өзенінің бойында, 1395 жылы 15 сәуірде Терек өзені бойында Әмір Темір әскерлерімен болған шайқастарда жеңіліс тапты. 1397 жылы Едігенің қудалауына ұшырап Литваға қашты. 1399 жылы ұлы Литва князі Витовтпен одақтасып Алтын Ордаға жорық жасады. Сол жылы Темір Құтылықпен Едіге әскерлерімен болған шайқаста жеңіліске ұшырады. 1406 жылы Тоқтамыс Едіге қолынан қаза тапты.

сұрайды. Сірә, Мысыр билеушісі Бейбарыс та Берке ханнан салжұқтарға көмектесуін өтінсе керек. Көмекке Ноғай қолбасшы бастаған түмендер аттандырылған. Дунай өзені бойында Ноғай қолына Алтын Орданың боданы Болгария князі Константин өз әскерлерімен қосылады. Біріккен қыпшақ-болгар әскерлері Византия армиясын тас-талқан етіп жеңеді. Көшпелілер қолбасшысына қызын беріп, сыйлық ұсынған Михаил VIII Палеолог бұл жолы бір қатерден аман қалады.

Берке хан 1266 жылы қайтыс болған. Бізге жеткен деректер Беркенің Алтын Орданың сол кезеңдегі астанасы Бату Сарайда жерленгенін айғақтайды.

Алтын Орда тағына Меңгу Темір отырған. Жаңа билеуші Берке ханның бастап кеткен істерін одан әрі жалғастырады. Мәмлүктер сұлтаны Бейбарыспен одақтасып, Ильхандар мемлекетінің Хулагудан кейінгі билеушісі Абаға ханмен соғысады. Мысыр мен Алтын Орда арасындағы елшілерді жүргізбей қойған

ЕДІГЕ

182 Едіге – Ақ Орданың әмірі. 1352 жылы Қаратау өңіріндегі Құмкент қаласында дүниеге келген. Едіге тарих сахнасына Тоқтамыспен қатар шықты. Бұл дәуір өзара қырқыстың өршіп, Ақ Орданың Алтын Ордадан іс жүзінде бөлініп, өз алдына жеке мемлекет болған кезі еді. 1376 жылы Едіге осындай қырқыс салдарынан Орыс ханнан қашып, Самарқандағы Әмір Темірге барды. Осында өз қарсыластарынан жасырынып жүрген Тоқтамыспен байланыс жасап, оның билікті қайта алуына жәрдемдесті. Ақ Ордада, одан кейін бүкіл Алтын Ордада билік Тоқтамыс қолына өткен кезде Едіге оған опасыздық жасап, немере туысы Темір Құтлық екеуі Әмір Темірге жақтасты. 1391 жылы Тоқтамыс жеңілгеннен кейін Темірді де тастап шыққан Едіге Еділ мен Жайық арасындағы жерлерді

жеке билей бастады. Ол кейінірек Алтын Орданы да өзіне қаратты. Алтын Орданың ханы деген атаққа Темір Құтлық ие болғанымен, оның шын мәніндегі билеушісі Едіге болды. Едіге – Ноғай ордасының да негізін қалаушы. Оның баласы Нұраддиннің тұсында Ноғай ордасы түпкілікті қалыптасты. Едіге Темір Құтылықпен бірге Тоқтамысқа қарсы күресті. 1397 жылы ол Алтын Орда әскерінің қолбасшысы болды. 1399 жылы Едіге Ворскле өзенінің бойында Литва князі Витовтың және Литваға қашып кеткен Тоқтамыстың әскерін талқандады. Темір Құтылық өлген соң Едіге Алтын Орда тағына Шадыбекті отырғызды. Оның тұсында бұрынғы Алтын Орданың жері ақырғы рет түгел біріктірілді. 1409 жылы Едіге Батыс Сібірді паналап

жүрген Тоқтамысты өлтірді. Дәл осы жылы Хорезмді басып алды. 1407 жылы Едіге Бұлғарда өзін хан жариялаған Жәлел әд-Динге қарсы жорық ұйымдастырды. 1408 – 1409 жылы Руське шабуыл жасады. Ондағы мақсаты – орыс мемлекетін Алтын Ордаға қайтадан салық төлеуге мәжбүр ету еді. Бірнеше қалаларды (Серпухов, Дмитров, Ростов, Переяславль, Нижний Новгород, тағы басқалар) қиратты. Мәскеуді қоршады, бірақ оны ала алмады. 1410 – 1412 жылдардағы Алтын Ордада болған “дүрбелең жылдары” Едіге өкімет билігінен айрылды. Өкімет басына қайтадан Тоқтамыстың балалары келді. 1419 жылы Сарайшық қаласының түбінде Едіге Тоқтамыстың баласы Қадырбердінің қолынан қаза тапты.

Византия императоры Ласкариске қарсы 1271 жылы жорыққа аттанады. Араб ғұламасы ибн Халдунның жазуынша, Ласкарис көшпелілермен шайқастан қорқып, бітім сұраған.

Меңгу Темір славян князьдіктерінде тағы бір халық санағын өткізеді. Қырым түбегіне генуялық саудагерлердің қоныстануына рұқсат берген де осы Меңгу Темір. Феодосия порты сол кезде пайда болған. Бізге жеткен деректер Меңгу Темірдің 1269 жылы болған Талас құрылтайына Алтын Орда мемлекеті атынан қатысқанын айғақтайды. Осы құрылтайда Сырдария мен Әмудария өзендерінің арасындағы аумақ бөліске салынғаны белгілі. Алтын Орда енді Хорезм аймағына да өз ықпалын жүргізе бастайды.

Берке хан қайтыс болғаннан кейінгі тағы бір жаңалық – Алтын Орданың батыс бөлігінде Ноғай қолбасшының мәртебесінің өсуі еді. Кезінде Берке ханның қызына

МАМАЙ



Мамай

Мамай – Алтын Орда билеушісі, ірі қолбасшы. Туған жылы белгісіз, 1380 жылы қаза тапқан. 1361 жылы Хидир хан өлтірілгеннен кейін, іс жүзінде Алтын Орданың билеушісі болды. Мамай тұсында онымен санасатын Абдолла, Мұхаммед Сұлтан, Төлебек сияқты хандар бірінен соң бірі ауысты. Солардан кейін Мамай өзін хан деп жариялады. Мамай Руське шабуыл жасап 1373 жылы Рязань, 1378 жылы Нижегород князьдіктеріне соққы беріп, тізе бүктірді. Бұл кезде Алтын Орда хандары бірін-



Мамай әскерлері шайқаста

бірі тыңдамай жеке-дара шабуыл жасап, кейде бір-бірімен қырқысып отырды. Осындай бір қайшылықта Мамай Литваның ұлы князі Ягайломен одақтасып, Алтын Ордаға қарсы шықты. Русь әскері Алтын Орда жағында

болды. 1380 жылы Мамай Күлік даласында Алтын Ордадан жеңіліп Қырымға қашады. Кафа (қазіргі Феодосия) қаласында өлтірілген. Осы жағдайды пайдаланып Алтын Орданың ханы Тоқтамыс болды.

үйленіп, Қырымдағы Судак шаһарын қайын атасынан иелікке алған Ноғай кейінгі Алтын Орда хандарының дәрегейін мойындай қоймаған сияқты. Керісінше, ол Алтын Орда тағына өзі қалаған адамды отырғызатындай ықпалға ие болған.

1280 жылы Меңгу Темір қайтыс болған соң Ноғай Алтын Орда тағына бұрынғы ханның інісі Туда Менгуді отырғызады. Жаңа хан тым діндар адам болыпты. Ол мемлекеттік істермен айналысқаннан гөрі сопылық ілімнің тереңіне бойлауды ұнатады екен. Ноғай қолбасшы бұл ханның тұсында Алтын Орданың дара билеушісіне айналады. Еуропа елдерінде Ноғайды император деп атаса, Мысыр елшілері оның есіміне “мәлік” (билеуші) деген лауазым қосақтап айтатын болған.

Ноғай Мысырдың жаңа билеушісі қыпшақ Қалауын сұлтанмен де тығыз қарым-қатынас орнатады. Византия императоры Мысыр мен Алтын Орда

КҮЛІК ШАЙҚАСЫ


184



Күлік шайқасы. Миниатюра

Күлік шайқасы (Куликово шайқасы) – 1380 жылы орыс жасақтарын басқарған Мәскеудің князі Дмитрий Донской мен Алтын Орда ханы Мамай басқарған түркі-моңғол қосындары арасында болды. XIV ғасырдағы тақ таласының күшеюімен Алтын Орданың орталық билігі босаңсып, жеке ұлыс билеушілерінің (Ақ Орда ханы – Орыс хан, Қырым ханы – Мамай, т.б.) билігі нығая түседі. Олар енді Алтын Орда тағына өз адамдарын отырғызуға ты-

рысты. Керісінше, осы кезде, Иван Калита тұсында, күш ала бастаған Мәскеу князьдігі Ордаға салық төлеуден бас тартты. Мәскеудің қатты күшейгенінен сескенген Мамай қол жиып, жорыққа аттанады. Мәскеу князі Дмитрий де жан-жақтан көмек сұрап, айналасына қалың қол топтастырды. Екі жақ та 100 – 150 мыңдай әскер жинайды (кейбір деректерде 30 – 40 мыңнан ғана). Сөйтіп 1380 жылдың 8 қыркүйегінде Дмитрий мен Мамай әскері Дон өзенінің жағалауындағы Күлік даласында кездеседі.



Ресейдегі “Күлік шайқасы” мемориалдық мұражайы

Орыстар жауына қарсы Алдыңғы бөлігін (полк), оның артына Үлкен бөлікті, ал екі бүйіріне Оң қол бөлігі мен Сол қол бөлігін орналастырып, Тосқауыл бөлігін орманға жасырып қойды. Мамай болса, бір қатарға атты әскерін, екінші қатарға жаяу әскерін қойды. Мамайдың қол бастаған батыры Темір Мырза (Телебай, Челубей) мен орыс батыры Александр Пересвет арасындағы жекпе-жек аяқталғаннан кейін шабуылға шыққан Мамай әскері Алдыңғы бөліктің әскерін талқандап, Үлкен бөліктің әскерін ығыстыра бастады. Бірақ орыс әскерлерін Сол қанаттан қоршамақ болып ту сыртынан шыққан Мамай қосынын тосып алған Тосқауыл бөлігіндегі әскер шайқастың тағдырын шешті. Мамайдың одақтасы Литва князі Ягайло ұрысқа үлгере алмай қалды. Мамай жасақтары талқандалды. Осы Күлік шайқасында орыс

арасында тынымсыз ағылып жататын кемелерді Босфор бұғазынан кедергісіз өткізіп отыруға мәжбүр болған.

1280 жылы Ноғай Болгария тағына қыпшақ Тертерді (Еуропалық деректерде Георгий Тертерий I) отырғызады. Оның ұлы Святославты ордасында аманатқа кепілдікке ұстап, Тертердің қызын өз ұлы Шекаға алып береді.

Дін жолын бөрінен артық көрген Туда Меңгу хан 1287 жылы Алтын Орда тағынан бас тартады. Ноғай ұлы таққа бұрынғы ханның немерелес інісі Төле Бұқаны отырғызады.

Төле Бұқа Алтын Орда тарихында ескі әскери жорыққа байланысты қалған. Біріншісі 1287 жылғы Польша князьдігіне қарсы бағытталған жорық еді.

Бұл жорықтың діни астары бар-ды. Ноғай қолбасшының ықпалымен XIII ғасырдың соңында Еуропаның шығысы мен оңтүстігі көшпелілер дәстүрін

КҮЛІК ШАЙҚАСЫ

әскері тұңғыш рет моңғол әскерінен басым келді. Дегенмен, екі жыл өткен соң Алтын Орда ханы Тоқтамыс Мәскеуді басып алып, өртеп жібереді. Бұдан кейін орыс князьдері Алтын Ордаға қайта салық төлей бастайды. Күлік шайқасында Алтын Орданың әлсіреп, ал Мәскеу князьдігінің күшеюіне жол ашты. Күлік шайқасынан кейін Мәскеудің орыс жеріндегі беделі артып, біртіндеп өзге князьдіктерді бағындыра бастады.



Алтын орда жауынгерінің томағасы (бет қалқаны)



Шайқас алдындағы жекпе-жек

қабылдай бастаған. Олар киім киюде де, күнделікті тұрмыста да көшпелілерге еліктеуге тырысты.

Ал Венгрия королі, шешесі жағынан қыпшақ Ласло IV, тіпті, бұрынғы діни сенімі – христиандықтан бас тартуға дейін барды. Ол бұрынғы христиан әйелі Изабелланы түрмеге қамап, Ноғай ордасынан әйел алды. Жазда шаһардан сыртқа шығып, көшпелілер салтымен жайлауда тұруды шығарды.

Әрине, мұның бәрі Еуропадағы христиан шіркеулерін шошытқаны анық. Олар өздеріне жағымсыз дәстүрдің одан әрі жайылып кетуінен қатты қорыққан еді. Сондықтан дәстүрді бұзған Венгрия королін қыспаққа алды. Әсіресе, поляктардың қысымы қаттырақ болғанға ұқсайды.

Ноғай қолбасшы мен Төле Бұқа дереу Венгрия королін қорғауға аттанады. Олар 1287 жылы Польша аумағына еніп, поляк шаһарларын ойрандауға кіріседі. Жорық

НОҒАЙ ОРДАСЫ

186 Ноғай ордасы (Ноғайлы) – XIV ғасырда Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде пайда болған мемлекет. Ноғай Ордасы Алтын Орданың әскери қолбасшысы Ноғай әскерлерінің құрамына енген тайпалар мен маңғыт тайпаларынан құралған. Түркі тілдес халық – ноғайлар Еділден Ертіске дейін, Каспий және Арал теңіздерінен Түменге дейінгі жерлерде көшіп жүрген. Орданың орталығы – Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Әлемге билік жүргізген Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қазақ хандығы, Астрахань хандығы, Ноғайлы және Көк Орда қонысын иеленген Қазан Ордасы, тағы басқа хандықтар дүниеге келіп, XVI ғасырда күш-қуаты бар жеке мемлекеттер ретінде белгілі болатын. Алайда, Ноғай Ордасындағы алауыздық бүкіл түркі

дүниесіне қасірет әкелген еді. Ноғайлар жауға есе-сін жіберіп, жақынын қарақтауға көшті. Ноғай Ордасының әміршілері Мамай би мен Ағыс батыр 1523 жылы Қажы Тархан (Астрахань) түбінде өздерінің қандас бауырларын – Махмет-Герей хан бастаған 30 мыңдық Қырым әскерін қапыда басып, түгел қырып тастайды. Осының алдында ғана Алтын Орданың батыс бөлігін біртұтас ұлысқа айналдырмақ болып, ант ішіскен қандас бауырлар бірінің түбіне бірі жетеді. Сөйтіп, Русь мемлекетіне Еуразияны жаулап алуға өздері жол ашады. Орыс мемлекеті Қазан мен Астрахань хандықтарына көз алартатын дәрежеге жетеді. Содан, XVI ғасырдың 2-жартысында Ноғай Ордасы бірнеше мемлекеттік бірлестіктерге ыдырап кетті. Қасым хан тұсында ата-жұртта отырған қуатты

Қазақ Ордасы әлсіреген ноғайлы ұлысының Жайықтан Еділге дейінгі үлкен бөлігін өз құрамына қосып алды. Ауыз бірлігінен айырылған Қазан, Астрахань және Ноғай Ордалары Орыс мемлекетіне қор боп, жем бола бастайды. Қасым хан сияқты Қазақ Ордасының іргеленуіне үлкен үлес қосқан Хақ-Назар хан Еділ бойындағы ноғайлының үлкен бөлігін өзіне қосып алып, Орыс мемлекеті табанынан қандастарын құтқаруға тырыс-ды. Ыдыраған Ноғай Ордасының бір бөлігі Кавказда Кіші Ноғай Ордасы, Үлкен Ноғай ордасына бірігіп, тағы бір бөлігі Ресей мемлекетіне кіріптар болып қалады. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Кіші Ноғайлының біраз бөлігі бұрынғы ата қонысы – Азов маңына (Доннан Кубаньға дейін) ауып, кей бөлігі Түркияға көшті.

кезінде көшпелілер мол олжа тапқанымен, Польша корольдігін толық бағындыра алмаған. Қайтар жолда солтүстік славян князьдіктері де тонауға түсті.

Сірә, Польшаны бағындыра алмағаны Төле Бұқа ханның намысына тисе керек. Осы жорық кезінде Ноғай қолбасшысы мен Төле Бұқа арасында алауыздық пайда болған деген де деректер бар. Қалай болғанда да Польшаға жорықтан кейін Төле Бұқа Ноғай қолбасшыға айтпай Илхандар еліне соғыс ашады. Илхандар патшалығына қарсы Төле Бұқаның 1288 жылы болған бірінші жорығы да, 1290 жылы болған екінші жорығы да сәтсіз аяқталған.

Осы соғыс арқылы халық алдында беделімді көтеремін, Ноғай қолбасшыға қыр көрсетемін деп ойлаған Алтын Орданың ресми ханы енді ызасын сарай маңындағылардан алуға кіріседі. Әсіресе, Меңгу Темірдің ұлы Тоқтаға қатты өшігеді.

ӘМІР ТЕМІР



Әмір Темір (Құтбүддин Темір Гүрқап, Темірлан) – қолбасшы, мемлекет қайраткері. 1336 жылы Түркістанда туып, 1405 жылы Самарқан қаласында жерленген. Барлас тайпасының биі Тарағай бектің баласы. 1361 жылдан Қашқария уәлаятының билеушісі болды. 1370 жылы Мәуереннахрды алды. Жас кезінде Түркістан маңындағы бір шайқаста аяғынан

жарақаттанған. Осыған байланысты Ақсақ Темір (парсыша Темірленг) атанған. Әмір Темірдің қолбасшылық дарыны арқасында Хорезм мемлекеті (1372 – 1388), Шығыс Түркістан (1376), Герат, Хорасан (1381), Қандағар (1383), Оңтүстік Әзербайжандағы Сұлтания (1384), Тебриз, Иран және Ауғанстан толық бағындырылды. Бірнеше дүркін жойқын жорықтан соң Алтын Орданы күйретті. Әмір Темір 1370 – 1390 жылдары Тоқтамыс хан мен Едіге әмірдің арасындағы алауыздықты шебер пайдалана отырып, Дешті Қыпшақ, Ақ Орда мен Моғолстанға оннан астам жойқын соғыс жорығын ұйымдастырды. Әмір Темірдің Алтын Орданы талқандауы Ресейдің төуелсіздік алуына оң жағдай туғызды. 1390 жылдары Әзербайжан,

Дағыстан, Гүржістан (Грузия), Ирак Әмір Темір мемлекетінің құрамына енді. 1398 жылы Үндістан басып алынды. Сирия мен Лубнан (Палестина) мәмлүктері бағындырылды. Алдыңғы Азияның басқа мемлекеттері де Әмір Темірдің билігін мойындады. Әмір Темірдің үздіксіз соғыстарының нәтижесінде алып империя – Темір мемлекеті құрылды. Әмір Темір 1405 жылы Қытайға жорыққа шыққанда жолай Отырарда қайтыс болды. Сүйегі Самарқандағы Гүр Әмір кесенесіне жерленді. Әмір Темір әулетінен ұлы ғалым Ұлықбек (1394 – 1449), Моғол империясын құрушы Бабыр (1483 – 1530) сынды атақты адамдар шықты. Әмір Темір өлгеннен кейін мирасқорларының билікке таласуынан Темір империясы ыдырап кетті.

Өз өміріне қауіп төнгенін сезген Тоқта ханзада Ноғай қолбасшыға қашып барады. Ноғай өзін паналап келген жас ханзаданы қамқорлығына алады.

Қарт қолбасшының мына қылығына ашуланған Төле Бұқа соңына қалың қол ертіп, Ноғай ордасы орналасқан Судак шаһарына аттанады.

Бірақ Алтын Орданың өктемсіген ханын тәжірибелі Ноғай тағы да алдап қолға түсірген. Ол Төле Бұқаға хабаршы жіберіп, татуласу ниеті барлығын жеткізеді. Қарт қолбасшының сөзіне сеніп қалған Төле Бұқа шағын жасақпен Ноғай ордасына барған сәтте аңдып тұрған қарулы топ ханды қолға түсіріп, опасыздықпен өлтіреді. Ноғай Алтын Орда тағына өзі панасына алған Тоқта ханзаданы отырғызады. Бұл 1290 жылы болған оқиға еді.

Ноғай қолбасшы қаншама тәжірибелі болса да, өз ажалының дәл осы Тоқтадан келетінін сезген жоқ еді.

ӘМІР ТЕМІР ЖОРЫҚТАРЫ

188 Әмір Темір – Алдыңғы (Батыс) Азияны жаулап алу үшін үш жылдық (1386 – 1389), бес жылдық (1392 – 1397), және жеті жылдық (1399 – 1405) жорықтар жасады. Ол алдымен Иранды бағындырудан бастады. 1381 жылы күрттердің орталығы Гератты оңай басып алып, одан әрі Иранның солтүстік-шығысындағы Хорасан аймағына аттанады. Бұл жерде өзара билікке таласып жатқан Әли Бек, Әли Муайад, Әмір Уәли айтарлықтай қарсылық көрсете алмайды. Әли Бек пен Әли Муайад өз еріктерімен Темірге жеңілгендіктерін мойындайды. 1385 жылы Әмір Темір Шығысқа – Эльбурза және Гилтана таулы аймағына қарай кететін бұрылып, жолында кездескен барлық қалаларды бағындырады. Осылайша ол Мазандеранға жетіп, оның барлық қалалары мен астанасы Астарабатты күйретеді. Әмір Уәли Әзербайжан жеріне қашады. Бұл жорықтан соң Әмір Темір Самарқанға орала-

ды. Парсылар елін бағындыруға Әмір Темір 1392 жылы тағы да келеді. Мазандеран жері арқылы өтіп, ол әлі де бағындырылмаған қалаларды алады. 1393 жылы Күрдистан мен Луристанды бағындырады. Темір барлық қалаларды бағындыра отырып Иранның солтүстігіндегі Түркия мен Сирияға қақпа қызметін атқаратын Диярбақырға жетеді. Осы жерде Эдессе қаласын жаулап алу арқылы Сирия және Египетке қарсы соғыс жариялайды. Бірақ Әмір Темір осы жерден Самарқанға қайтып кетеді. Алдыңғы Азияны жаулауды аяқтауға Темір 1399 жылы қайта оралады. Мұнда ол кезде екі мықты мемлекет: мәмлүктер және Осман империясы үстемдік құрған болатын. Әмір Темір жорықты алдымен Сирияға жасауды ұйғарады. 1400 жылы қазан айында Сирияға еніп қалаларды бірінен соң бірін бағындырады. 1400 жылы желтоқсанда Сирия астанасы Дамаск қаласын

қоршайды. Бірнеше күнгі шайқастан кейін қала әмірі Фараж әскерімен қаланы тастап Египетке қашып кетеді. 43 күндік қоршаудан кейін Дамаск қаласы берілуге мәжбүр болады. Әмір Темір қала халқын тонауға ұшыратып, отқа орайды. Бұдан кейін Темір Сирияның бағынбаған басқа қалаларын бағындырып, одан әрі Месопотамияға кетеді.



Әмір Темір. Парсы миниатюрасы

Алғашқыда бәрі де жақсы басталған-ды. Тоқта хан өз қамқоршысының айтқанын екі етпей орындап жүрді. 1293 жылы Ноғайдың бәйбішесі Байлақ қатын Бату Сарайға келіп, Тоқтаға бас қолбасшының сәлемін жеткізеді:

– Сенің әкең сарай маңындағы кейбір нояндардан қатты қауіптенеді. Олардың бәрі бұрынғы Төле Бұқа ханның жандайшаптары болатын, – дейді Байлақ қатын.

Тоқта хан Байлақ қатын атаған жиырма үш ноянды ордасына кезекпен шақырып, бәрінің басын алғызады.

Бұл оқиға Ноғай қолбасының өзінің “өкіл ұлы” Тоқта ханға деген сенімін бекіте түседі.

Бірақ Тоқта хан Судақтағы әкесіне сездірмей Алтын Орда әскерлерінің соғысқа әзірлігін шыңдауға кіріседі. Жаңа ханның мұндай шара қолдануына

ҚАМАР ӘД-ДИН

Қамар әд-Дин – XIV ғасырдың екінші жартысында Моғолстан иелігінде билік құрған дулат тайпасының әмірі. Қамар әд-Диннің туған жылы белгісіз. XIV ғасырдың орта шенінде Ертөбе (Өртөбе) әмірдің шөбересі Әмір Болатшы қайтыс болады. Сол кезде ұлыс бегі лауазымы Қамар әд-Динге берілмей, ол бүлік шығарады. Осы бүліктен хан әулетінің оннан аса өкілі қаза табады. Ұрыста жеңіске жетіп, хан тағына отырған Қамар әд-Дин дулат тайпасының көпшілігін және өзге де тайпаларды қол астына біріктіреді. Ол Іле, Шу өзендерінің маңындағы Моғолстанның бір ұлысын биледі. Оның билігіне басқа моғол әмірлері қарсылық білдіреді. Ішкі тақ таласынан әлсіреген моғолстандықтар Әмір Темірдің жорығына еш қарсылық көрсете алмайды. 1380 жылы Қамар әд-Дин Іленің арғы жағалауындағы Ақ Орда ханы Тоқтамысқа барып, Әмір Темірге қарсы одақ құрады. Оған Еңке

төре мен Моғолстанның жаңа ханы Хызыр қожа да (1389 – 1399) қосылады. Одақ қазіргі Орталық және Оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Қырғызстан жерінде қоныстанған ру-тайпалардың күшін біріктірді. Бұл одақ Әмір Темірдің Ақ Орда мен

Моғолстан билігінің дербестігін әлсіретуге бағытталған әрекетіне жол бермеуді көздеді. Әмір Темірдің 1389 жылғы Моғолстанға жорығынан кейін одақ жойылды. Көп ұзамай Қамар әд-Дин науқастанып, 1390 жылы қайтыс болады.

189



Моңғол жауынгерінің қару-жарағы мен сауыт-сайманы



Құлан ауылы маңынан табылған XIII ғасыр балбал тасы. Жамбыл облысы

негіз де бар-ды. Ноғай қолбасшының тым еркінсіп кеткені сондай, Алтын Орда боданындағы славян князьдерін де өзі тағайындауға көшкен. Ал әлгі князьдер болса, Бату Сарайға соқпай, бірден Судактағы Ноғай ордасына құлдық ұруға асығатын. Мысалы, Переяслав князі Дмитрий де, Тверь князі Михаил да, Москва князі Даниил де (Александр Невскийдің кіші ұлы) Тоқта ханның шақыруына жауап қатпай, тек Ноғайды тыңдайтын болыпты.

Мұндай жағдай Тоқта ханға ұнамаса да, іштей танып, істің сәтін күтеді. Көп ұзамай мұндай сәт те туады.

Тоқта хан сарай маңындағы кейбір нояндардың ісіне риза болмай, оларды қызметінен қумақ болған. Әлгі нояндар ханның қаһарынан қорқып, Ноғай қолбасшының ордасына қашып кетіпті.

Осыны сылтауратқан Тоқта хан әскери даярлығы шыңдалған сарбаздарын

ӘМІР ТЕМІР ЕСКЕРТКІШІ

190



Әмір Темір ескерткіші. Ташкент қаласы

топтап, Ноғай ордасына жорыққа аттанады. Алайда 1297 жылы Дөң (Дон) өзенінің жағалауында болған алғашқы шайқаста Тоқта хан өкіл әкесінен оңбай жеңіліпті. Егер осы шайқастан соң Ноғай Бату Сарайға беттегенде, өз тағдыры мүлде басқаша болар ма еді? Бірақ Ноғай қолбасшы “өкіл ұлының” алғашқы тентектігін кешіріп, өз ордасына қайтады.

1300 жылы Тоқта хан тағы да Ноғай ордасына жорыққа аттанады. Бұл жолғы оның әскерінің саны да, қуаты да мол еді. Шайқас Днепр өзенінің жағасында өтеді. Қаптаған қалың әскерден шошынған Ноғай ордасының қолбасшылары да, Ноғайдың өз ұлдары да майдан даласын тастап шығады. Ноғайдың өзін Тоқта әскерінің құрамындағы славян сарбазы қолға түсіріпті. Қарт қолбасшы өзінің кім екенін айтып, ханның алдына алып баруын сұрайды. Бірақ әлгі сарбаз Ноғайдың басын кесіп алып, Тоқта ханға жеткізеді.

БИБИ ХАНЫМ МЕШІТІ



191

Бибі ханым мешіті

Бибі ханым мешіті – архитектуралық ескерткіш. 1399 – 1404 жылы Әмір Темірдің Үндістандағы жеңісінің құрметіне Самарқанда тұрғызылған. Халық арасында Бибі ханымды Әмір Темірдің әйелі дейді. Ескерткіш ұзынынан да, көлденеңінен

де айқын белдеулене салынған тік бұрышты аула тәріздес. Мешіттің негізгі ғимаратының биіктігі 44 метр. Ауланы айналыра көп күмбезді галерея тұрғызылған, құрылыстың сыртқы бұрыштары биік мұнаралармен бекітілген. Үлкен мешіттің қасбетіндегі

бұрыштары гүлдестемен оймышталған көп қырлы мұнаралармен көмкерілген. Мешіттің қасбеті өте бай өрнектелген, мозаикамен, оюлы мәрмәр тақталармен безендірілген. Ол Орталық Азия ортағасырлық архитектурасының ғажайып үлгісі болып табылады.

Ноғайдың қазасына Тоқта хан да қатты қайғырыпты. Содан да болар, өзіне өкіл әкесінің жансыз басын алып келген сарбаздардың бәрін өлім жазасына кеседі.

Алтын Орданы қырық жылдай ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған ұлы қолбасшы осылай қаза тапқан. Ал оның ұлы Шека болса қайын ағасы, Болгария князі Святославты барып паналайды. Светослав күйеу баласына Тырново князьдігін басқаруға берген. Бірақ Тоқта ханның қаһарына ілігуден қорқып, көп ұзамай Шеканы Алтын Ордадан келген жазалаушыларға тапсырады. Шека қапаста жатып қайғымен көз жұмады. Ноғай қаза тапқан соң, оның ұлысын құраған халықтың шағын бөлігі Қара теңіз жағалауында қалып, көпшілігі Еділ бойындағы байырғы атамекендеріне қоныс аударған. Қара теңіз жағалауында қалғандар “кіші ноғайлар” аталды. Бүгінгі Дағыстандағы ноғай ұлты, Қырымдағы татарлар солардың ұрпақтары.

РЕГИСТАН

192 Регистан – Самарқан қаласындағы алаң. Ол – XV – XVII ғасырлардағы түркілердің қала салу өнерінің ғажайып туындысы. Самарқан Регистанының батысында Ұлықбек медресесі 1417 – 1420 жылдары салынған, шығысында 1424 жылы салынған Ұлықбек кесенесі, солтүстігінде 1420 жылы салынған Мирзои керуен сарайы, оңтүстігінде Көкілдаш және Масжиди-Мукатта мешіттері орналасқан. 1510 жылдары алаңның оңтүстігін ала Әбу Саид ханның медресесі тұрғызылды. XVI ғасырда Регистандағы құрылыс біршама тоқырады. XVII ғасырдың 1-жартысында құрылысты өңдеу әрі ішін-ара қайта салу ісі қолға алынды. 1619 – 1635 жылдары Ұлықбек медресесінің алдынан Ширдор медресесі бой көтерді. Медресе қабырғасы түрлі-түсті құйма кірпішпен, жылтыр плиткалармен, бедерлі керамика-



Самарқан қаласындағы Регистан алаңы. Ұлықбек медресесі (сол жақта), Шир-Дор (оң жақта) және Тіллә Қари (ортада)

мен нақышталған. Ғимарат қасбеті маңдайшасында елікке айбат шеккен қос жолбарыс бейнеленген өрнек бар. Медресенің “Жолбарысы бар” (екінші аты) атануы да осы өрнекке байланысты туған. 1646 – 1659 жылдары Тіллә

қари медресесі (“Алтынмен апталған”) салынды. Медресе интерьерін нақыштауда алтын мол қолданылған. Регистанды үш жағынан көмкере орналасқан монументті ғимараттар тамаша архитектуралық ансамбль құрайды.

Ал Еділ бойына қоныс аударған Ноғай ұлысының халқы “ұлы ноғайлар” аталды. Алтын Орда ыдырар қарсаңында Ноғай Ордасын құрып, алыс-жақын жұртқа ықпалын жүргізген Мамай, Едіге сынды елбасылары, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз сынды ақындар шыққан ноғайлылар (оларды “маңғыттар” деп те атайды) – осы ұлы ноғайлардың ұрпақтары. Он алтыншы ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдары ноғайлар қазақ халқының құрамына қосылды.

Ноғай қолбасшы қайтыс болған соң, Тоқта хан Алтын Ордада жеке-дара билік жүргізуге көшеді. Ол Илхандар патшалығымен бейбіт келісім жасасып, екі жақты сауда-саттықты жолға қойған.

Византия империясымен де достық қарым-қатынасты жалғастырып, өзі император Андроник II-нің некесіз туған қызына үйленеді.

РАБИҒА СҰЛТАН БЕГІМ КЕСЕНЕСІ

Рабиға Сұлтан бегім кесенесі Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің оңтүстік-шығысында, 60 метр қашықтыққа салынған. Кесене 5 бөлмелі. Кесененің қас беті сүйір ұшты биік арка түрінде жасалынған. Үйдің дөңгелек пішінді орталық бөлігі күмбезбен жабылған. Рабиға Сұлтан Бегімнің құлпытасында “Бұл құдіретті Әмір Темір Көрегеннің ұлы, азапты ажалдан қаза тапқан, құдіретті, ұлы сұлтан Ұлықбек Гурағанның қызы, ақсүйек, (құдай) кешіріп, рақымшылық жасаған, ізгі жанды Рабиға Сұлтан Бегімнің тыныштық тауып жатқан жері” деп жазылған.



Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі

1300 жылы Алтын Орда аумағында болған қуаңшылыққа қарамастан мемлекеттің экономикасы да Тоқта хан тұсында жақсы дамыпты. Алтын Орда ханы өз иелігін басқару жүйесін де қайта құрған.

Тоқта хан 1312 жылы иелігіндегі славян князьдіктерін өз көзімен көріп қайтуға ниет етеді. Алтын Орда хандарының арасында соңына қалың қол ертпей, бейбіт мақсатпен славян князьдіктеріне кемемен сапар шеккен жалғыз хан осы Тоқта екен. Амал не, Тоқтаның бұл ниеті толық жүзеге аспайды. Еділ бойымен жүзген кеме үстінде Тоқта кенет сырқаттанып қаза табады.

Осылайша, Алтын Орда тағына Тоқтаның немерелес інісі (Меңгу Темірдің немересі) Өзбек хан отырады.

Өзбек ханның тақты қалай иеленгені туралы деректер әр қилы. Кейбір зерттеушілер Өзбекті таққа отырғызған сол кездегі беделді нояндардың бірі

АҚБИКЕШ МҰНАРАСЫ


194



Ақбикеш мұнарасы – тарихи ескерткіш. Қаратаудың батыс сілемдерінде Ақсүмбе кентінен оңтүстікке қарай биік жота басында орналасқан. Мұнара жартастар арасын ірі қиыршық тастармен толтырып жасаған іргетастың үстіне шикі кірпіштен тұрғызылған. Пішімі жұмыр. Мұнара

“Ақсүмбе” деген атпен тарихшы Шараф әд-Дин әл-Жүздінің “Зафар-намесінде” (“Жеңіс кітабы”) Әмір Темірдің 1389 – 1390 жылдары Тоқтамысқа қарсы жорықтарын сипаттағанда Дешті Қыпшақ даласын бақылап отыру үшін Қаратау шыңына салынған қарауыл мұнарасы ретінде

айтылады. Ел аузындағы әр түрлі аңыздарда мұнараны Ақбикеш арудың есімімен байланыстырады.



Кеурен



Моңғолдардың Самарқанды алуы. Ортағасырлық миниатюра

Құтылық Темір болған деп есептейді. Тіпті, Құтылық Темір Өзбекті таққа алып келу үшін заңды мұрагер, Тоқта ханның ұлы Елбасмышты құпия түрде өлтіртеді. Өзбек хан да Құтылық Темірдің өзіне сіңірген еңбегін жауапсыз қалдырмай, оған Хорезм аймағын басқаруға береді.

Өзбек хан Алтын Ордада ислам дінін таратуға күш салды. Сарай маңындағы, ел арасындағы бақсылар мен будда ламаларының құқығы күрт шектелді. Италиялық саудагерлер тұратын Қырымда христиан шіркеулерінің қоңырау соғуына тиым салынды. Мысыр сұлтаны әл-Мәлік ән-Насырға жолдаған хатында ол “өз елінде кәпірлердің өте аз қалғаны” туралы жазады.

Мысыр мәмлүктері мен Алтын Орда арасындағы достық қарым-қатынас Өзбек хан тұсында бұрынғыдан да беки түскен. Бірақ, кейін екі ел арасындағы достыққа аяқ астынан сызат түседі. Бәріне кінәлі Мысыр билеушісі Насыр сұлтан еді...

САМАРҚАН ҚАЛАСЫ

Самарқан Зеравшан өзенінің аңғарында орналасқан. IV ғасырда Мараканда деген атпен белгілі қала. IV ғасырдан VI ғасырға дейін Түрік қағандығының құрамына енген Соғды мемлекетінің астанасы болды. Самарқанды VIII ғасырдың басында арабтар, IX – X ғасырларда Самани әулеті, XI ғасырда Қарахан әулеті, одан соң түрік салжұқтары, XII ғасырдың орта шенінде қидандар басып алды. XIII ғасырда Хорезм шаһтары билік етті. Самарқан XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басында Әмір Темір мемлекетінің астанасы болған. 1500 жылы Шибан мемлекетінің, XVI ғасырдың аяғында Бұхар хандығының құрамына кірді. Самарқан 1924 – 1930 жылдары Өзбекстанның астанасы болды. Самарқанның ежелгі Афрасиаб атанған бөлігінде қала тарихының мұражайы,

Шари Зинда ғимараты, Бибі ханым мешіті сияқты тамаша архитектуралық ескерткіштер шоғырланған. Ескі Самарқанның орталығында

Регистан кешені, Гөр Әмір, Ақсарай, Рухабат, Ишарат хан мазарлары, тағы басқа архитектуралық әсем ғимараттар орналасқан.

195



Самарқандағы Гөр Әмір мазары

Насыр сұлтан Алтын Орда ханымен арадағы достықты бекіту мақсатымен Өзбек ханның қызына үйлену ниетін сездіреді. Ұзақ ойланған Алтын Орда билеушісі өзінің Тұлынбай есімді қызын Мысырға аттандырады. Тұлынбай ханымның Мысыр билеушісі сарайындағы өмірі аса бақытты болмапты. Көшпелілер аруы Мысыр жерінде құсалықпен көз жұмыпты. Бұл оқиғаны естіген Өзбек хан Мысыр әміршісіне екі рет (1332 және 1335 жылдар) елші аттандырып қызының өліміне ашу-ызасын білдіреді. Өз қызының өтемі ретінде Насыр сұлтанның қызын беруін талап етеді. Бірақ Насыр сұлтан өз қыздарының әлі кәмiлетке толмағанын сылтау етіп, Алтын Орда әміршісінің талабын орындаудан бас тартыпты. Осы оқиғадан соң екі ел арасындағы қарым-қатынас салқындай бастаған.

Кейбір деректерге қарағанда, Өзбек хан Әзербайжан аумағы үшін Илхандар патшалығымен соғыс жүргізгенімен көздеген мақсатына жете алмаған.

ІЛДІРІМ БАЯЗИТ


196



Баязит I (Найзағай) – Осман әулетінен шыққан түрік сұлтаны әрі қолбасшысы. 1389 жылы дүниеге келген. Әкесі Мұрат I қайтыс болған соң билікті қолына алып, Осман әулетінің билігін жалғастырады. Баязит I 1389 – 1390 жылдары Батыс Анадолыдағы Ментеше, Айдын, Сарухан және Ирмиян бейліктерін бағындырады. XIV ғасырдың 90 жылдары қолбасшылық даңқы жер жүзіне тараған тұста, Баязит I Египет билеушілерінің

ішкі алауыздығын сәтті пайдаланып, Сивас сұлтандығының жерлерін, Жанық және Амасье бейліктерін, мәмлүктердің қол астында болған Малатья, Эльбистан, Дивриг қалаларын өзіне бағындырып алады. 1389 жылдың 15 маусымында Баязит I Косово даласында серб әскерлерін талқандап, Сербияны жаулайды. 1393 – 1396 жылдары Болгарияны, Македония мен Фессалинді жаулап алып, Балқан түбегінде түрік үстемдігін орнатады. 1396 жылы 25 қыркүйекте Болгар қаласы Никополь маңында болған

шешуші шайқастағы жеңісі үшін Баязитке “Сұлтан әл-Рум” (“Византия жерінің сұлтаны”) атағы беріледі. Кейін Баязит I Босния мен Колохияны бағындырып, түріктердің иелігіне қарайтын елдің бірлігін нығайтады. 1394 – 1401 жылдары Баязит Константинополь қаласын бірнеше рет шабуылдап қоршауға алады. Кіші Азияға басып кірген Әмір Темір әскерімен 1402 жылы 28 шілдеде қазіргі Анкара маңында болған шайқаста Баязит I жеңіліске ұшырап, Әмір Темірдің тұтқындығында қаза табады.



Ілдірім Баязит өзі салдырған мешітте

Өзбек ханның 1324 жылғы Болгария-Византия, 1330 жылғы Болгария-Сербия таластарына араласуы да еш нәтиже бермепті. Оның есесіне, Алтын Орда билеушісі славян князьдіктерінің арасындағы қарым-қатынастарға біршама өзгерістер енгізеді.

Славян князьдері Алтын Орда ханынан “Владимирдің ұлы князі” лауазымын алу үшін өзара бәсекеге түсетін-ді. Өзбек хан билігі кезінде, әсіресе, Тверь князі Михаил мен Мәскеу князі Юрий арасындағы бақталастық өршіп кетеді. Алтын Орда ханы Юрийге іш тартады, тіпті, оған қарындасы Қоншақты ұзатқан. Алтын Орда ханына арқа сүйеген Юрий жанына әйелі Қоншақты ертіп, шағын жасақпен Тверь князьдігін аралап қайтуға шығады. Осы сапар кезінде тверьліктер бүлік жасап, Юрийдің жасақтарына тап береді. Келте ұрыс кезінде Өзбек ханның қарындасы Қоншақ қаза тапқан, Юрийдің өзі әзер қашып құтылған.

АНКАРА ШАЙҚАСЫ

1402 жылы көктемде Әмір Темір сансыз әскерін өзі бастап, Кіші Азияға енді. 25 шілдеде Анкара түбінде кейіннен “Ангора” шайқасы аталған үлкен қақтығыс болды. Темір әскерінің алдында соғысқа үйретілген 30 піл жүріп отырды. Алғашқы соққы түріктердің сол жақ қапталындағы сербтер жасағына берілді. Бұл әрекет сәтсіз аяқталып, ендігі соққы оң қапталдағы Анадолы түріктеріне қарай бағытталады. Біршама қарсылық көрсеткен соң олар шегіне бастады. Тек ортадағы “янычарлардан” құрылған түрік қосыны мен сұлтан ордасы ғана төтеп берді. Янычарларды күйреткен жаңа шабуылдан соң әскерінің әлсірей бастағынын сезген Баязит I қашуға қамданады. Алайда ол кеш қалған еді. Ұрымтал тұстан соққан Темір әскері Баязит I-нің өзін және баласы Мұсаны қолға түсіреді. Осы шайқастан соң Темір Кония, Бұрса, Теңіз және Измир қоныстарын түк қалдырмай

тонады. Бұл жеңіліс Осман империясының құлдырауына әкелді, Анадолы жері бір кездегі бейлік кейшіне қайта түсті. Әмір Темір Осман империясының иеліктерін Баязит I-нің төрт ұлына бөліп беріп, олардың арасында билік тұтқасына талас туғыздырды. Империя Еуропалық және Азиялық

бөліктерге ажырап кетті. Бір жағын Баязиттің үлкен ұлы Сүлеймен, екіншісін – кіші ұлы Мехмед басқарды. Бір-бірімен жауласқан ағайындылар арасындағы бақталастық тек тоғыз жылдан кейін тоқтады. Осман империясы Мехмед I-нің (1413 – 1421) тұсында ғана қайтадан күшейе бастады.

197



Анкара шайқасы

Бұл хабарды естіген Өзбек хан Тверьге қалың қол аттандырып, жергілікті халықты қырғынға ұшыратады. Жазадан Юрий де қашып құтылмайды. Алтын Орда билеушісі Юрийден “ұлы князь” лауазымын қайтып алып, бұл атақты Суздаль князі Александрға береді. Төрт жыл өткен соң бұл лауазым Мәскеудің жаңа князі Қалталы Иванға (Иван I-ге) көшеді.

Қалталы Иван өте қу адам болыпты. Ол Алтын Орда ханының сарайына қайта-қайта мол сый-сияпатпен келгіштеп жүріп өз князьдігінің мәртебесін көтеріп алады. Тіпті, өзінің лауазымын “Мәскеудің және бүкіл Русьтің ұлы князі” деп атауды дәстүрге айналдырады.

Өзбек хан Қалталы Иванға сеніммен қараған. Сірә, Алтын Орда ханының Мәскеу князіне мұндай жақсы қарым-қатынасына Өзбек ханның сүйікті әйелі Тайдула ықпал етуі де мүмкін. Өзін жазылмастай көрінген көз сырқатынан

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ

198




Әулие София мешіті

Осман империясы – XIV ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі кезеңде (1299 – 1922) билік құрған дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің бірі. Империя Азия, Еуропа және Африка құрлығындағы жаулап алынған жерлердің негізінде құрылған. Османдық түркі сұлтандарының әулетінің негізін қалаушы Осман I болды. Осман сұлтандығының пайда болуы Осман әулетінің есімімен тікелей байланысты. Қазіргі түріктердің “Османлылар” деп атап жүрген әулеті,

оғыздардың Бұзоқ тайпасына кіретін Қайы руының Қаракечили әулетінен тараған. Сондай-ақ, осы түрік сұлтандығы еуропаша “Оттоман империясы” деп те аталады.

Ертұғырыл Бей көз жұмбай тұрып, билік жүргізген жерлерін өз әулетіне (4.800 шаршы шақырым) қалдырады. Оның ұлы I Осман Батыр (қайы руынан) бейлік билеушісі болып сайланады. Осман Бей басқару тетігі қолына тие сала өзара қырқысып жатқан басқа бейліктермен (ұлыстар) араласпастан Византия мемлекетіне көз салады. Осындай саяси көрегендігінің арқасында салжұқтардың көмегіне арқа сүйеген I Осман, 1288 жылы Салжұқ сұлтанның жарлығымен көршілес бейліктердің де басшысы болып тағайындалады. Бұл шешім I Осман Бейді Византияға қарсы тұратын және басқа бейліктерді қорғайтын басшы дәрежесіне көтереді.

Осман империясындағы ең дәуірлеген кезеңі – XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың 70-ші жылдары аралығы. Оған қазіргі Түркияның өз жерінен бөлек түгелдей Балқан түбегі, Солтүстік Африка жерлері, Месопотамия, т.б. жерлер кірген. Осман империясы I дүниежүзілік соғыстан жеңілген соң құлдырады.



Сұлтан Мұрад Ғази

емдеп жазған Владимирдегі славян православие шіркеуінің патриархына Тайдуланың алғысы шексіз болған шығар. Осы жағдайды пайдаланған Қалталы Иван Алтын Орда билеушісінен Владимирдегі славян православие шіркеуінің Мәскеуге қоныс аударуына рұқсат алады, қарауындағы халықтан хан ордасына тиесілі салықты да өзі жинап, ордаға әкеліп беру құқығына ие болады.

Қалталы Иван, шын мәнінде, салықты әдеттегі мөлшерден көп жинаған. Мәскеу князінің өз қазынасында қалатын салық мөлшері де тіпті аз болмайтын. Міне, осы қазына бірте-бірте Мәскеу князьдігінің өркендеуіне, өзге князьдіктер жерін сатып алу арқылы “бүкіл Русь жерінің бірігуіне” бастау болды.


Өзбек хан билігі кезінде Алтын Орданың жаңа астанасы Берке сарайға Еуропа елдерінен де елшілер жиі келіпті. Мысалға, 1339 жылы Өзбек хан Франция королі Бенуа XII-нің елшісі Жан де Мариньолиді қабылдап, оған арғымақ

ҰЛЫҚБЕК



Ұлықбек Мұхаммед Тарағай – Орта Азияның ұлы астрономы және математигі. 1394 жылы Сұлтания қаласында туған. Әмір Темірдің немересі, 40 жылдан астам уақыт Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан өңірлеріне әмірлік еткен. Ол – әйгілі астрономиялық мектепті ұйымдастырушы, өз заманында теңдесі жоқ

обсерваторияның негізін қалаушы. Ұлықбектің маңына Руми Қазы Заде, Кәши, Құсшы, тағы басқа ірі ғалымдар топтасты. Ұлықбек обсерваториясының ең басты еңбегі – “Зидж-и Жәдид Гургани” (“Ұлықбек Зиджі”). Бұл – Ұлықбектің басшылығымен жүргізілген ғалымдардың ұжымдық еңбегі. Ол төрт бөлімнен тұрады: күнтізбелер туралы; уақыт өлшеу жөнінде; планеталардың қозғалысы; астрономиялық басқа мағлұматтар. Мұнда астрономияның теориялық негіздерімен қатар 1018 жұлдыздың орны көрсетілген каталог берілген. Ұлықбектің астрономиялық еңбектері XVII ғасырдан бастап Еуропа елдерінде кеңінен мәлім болды. Жұлдыздар каталогы 1665 жылы Оксфордта басылып шықты.



Самарқандағы Ұлықбек ескерткіші

сыйлайды. Ал, Мысыр елшісі ибн Баттута Өзбек хан сарайының сән-салтанаты туралы тамсана жазады. Әсіресе, оның жазбаларында “ұлы ханым Тайдуланың” асқан сұлулығы өте әсерлі суреттелген. Өзбек ханның жаз айларында Солтүстік Кавказ өңіріндегі жайлауына көшетіні, ораза айтын хан ордасында өте салтанатты жағдайда өткізетіні, т.б. деректер осы саяхатшы жолжазбасында жазылып қалған.

Өзбек хан 1342 жылы қайтыс болған. Алтын Орда билігі оның үлкен ұлы Тыныбекке көшеді. Бірақ Тыныбек хан тағында бір жыл да отырмапты. Сол 1342 жылдың күзінде тақты Өзбек ханның ең кіші ұлы Жәнібек иеленеді.

Жәнібек ханның билігінің алғашқы төрт жылы өте ауыр болыпты. Себебі, дәл осы кезде Қытайдан басталып бүкіл Еуропаны шарпыған “қара ажал” аталған жұқпалы індет славян князьдіктері арқылы Алтын Орда аумағына да жеткен еді.

ҰЛЫҚБЕК ОБСЕРВАТОРИЯСЫ

200



Ұлықбек обсерваториясы – XV ғасырдың 30-жылдары Самарқанда Ұлықбек салдырған астрономиялық

зерттеулерге арналған құрылғылар кешені. Ұлықбек обсерваториясы оған дейінгі Батыс

және Шығыс елдері обсерваторияларының жетілдірілген негізінде салынған. Ол биіктігі 30 – 35 метр, диаметрі 46 метрден астам дөңгелек пішінді үш қабат үй болғандығы археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталды. Мұнда телескоп ойлап табылғанға дейінгі негізгі аспап-құралдар – радиусы 40,2 метр алып мәрмәр секстант, Күн және астрономиялық сағаттар, әртүрлі бұрыш өлшегіш дәл құралдар болған. Аспаптың градустарға бөлінген төменгі бөлігі ғана сақталған. Аспап ені 2 метр, тереңдігі 11 метр шамасындағы орға орнатылып, бір бөлігі жер бетіне шығып тұрған. Бұлардың көмегімен бұрын мүмкін болмаған көптеген астрономиялық бақылаулар жүргізілген. Ұлықбек обсерваториясы Шығыс және Батыс елдерінде салынған көптеген обсерваторияларға үлгі болды. Обсерватория Ұлықбек өлтірілген 1449 жылы қиратылған.

Індеттен адам да, мал да жаппай қырыла бастайды. Алтын Орда бұл дағдарыстан өзер есін жиыпты.

Күйзелген шаруашылықты қалпына келтіріп алған Жәнібек хан өз мемлекетінің аумағын кеңейтуге кіріседі. Илхандар патшалығы да бұл кезде әбден әлсіреген еді. Соны пайдаланған Жәнібек Қап тауына жорық жасап, ильхандардан Өзербайжанды тартып алады. Жаулап алған елді билеп-төстеу үшін үлкен ұлы Бердібекті Тебриз шаһарында қалдырып, өзі Еділ бойындағы ордасына қайтады. Бірақ жолда қатты ауырып, қалың әскер амалсыз Дербент маңында кідіруге мәжбүр болады. Жәнібектің сырқаты айналасындағыларға алғашқыда өте қатерлі көрінсе керек. Содан да болар ханның Тоғылубай есімді бас әмірі Алтын Орда тағына мұрагер болып қалатын өзіне қолайлы адам іздеп, сол орынға Тебризде қалған Бердібекті лайық көреді. Дереву Тебризге жаушы аттандырып, Бердібекті шақыртады. Бірақ

ҰЛЫҚБЕК МЕДРЕСЕСІ



Ұлықбек медресесі – Самарқандағы Регистан ансамблі құрамына енетін архитектуралық ескерткіш. 1417 – 1420 жылдар аралығында салынып біткен. Кезінде Орта Азиядағы ең ірі оқу орны болған. Онда ислам дінімен қатар астрономия, философия, математика ғылымдарынан лекция оқылды. Аула ортасында ашық галереялы айваны бар. Медресеге кіре беріс бұрышта күмбезді 2 дәрісхана,

төріне таман күмбезді қысқы мешіт орналасқан. Дәрісхана төбесін көмкерген 4 күмбез бен үйлерінің үстіңгі қабаты, медресенің төрт бұрышындағы алып мұнаралардың үшеуі сақталған. Ғимараттың әрбір бөлшегі бір-бірімен гармониялық үйлестік тауып, оған жасалған әсем нақыш (мәрмәр жолақ, алуан түрлі жұлдыздар, геометриялық өрнек, тағы басқа) салтанатты сипат бере түскен.



Ұлықбек медресесінің мұнарасы

Бердібек келген кезде қас қылғандай Жәнібек хан сырқатынан айыға бастайды. Есін жиған соң үлкен ұлының мұның рұқсатынсыз ордада жүргенін естіп, оның бұл әрекетінен шошып қалады. Өзінің қаупін бас әмірі Тоғылубайға айтады.

Тоғылубай хан шатырынан зәре-құты қалмай қорқып шығады. Хан үлкен ұлы Бердібектің суыт келісінен секем алып отыр. Ал Бердібекті шақыртқан мұның өзі. Егер хан бұл жағдайды естісе, Бердібекті де, мұның өзін де аман қалдырмайды. Енді не істеу керек?! Бердібек екеуі ақылдаса келе, “Жәнібек ханды өлтіру керек” деп шешеді. Олар түн ішінде қарулы топпен хан шатырына басып кіреді де, сақшыларды қырып салып, Жәнібек ханның өзін де өлтіреді. Таңертең Тоғылубай қалың әскерге Жәнібек ханның сырқаттан қайтыс болғанын жариялап, Бердібекті ақ киізге көтеріп хан сайлатады. Бас әмірдің бұл қылығына күмәнмен қарап, жаңа ханға ант беруден бас тартқан кейбір нояндар

ӘЛІШЕР НАУАИ

202



Әлішер Науаи – түркі халқының ұлы ақыны, ойшылы, әрі мемлекет қайраткері. Ол 1441 жылы 9 ақпанда Гератта дүниеге келген. Толық аты-жөні Әлішер Низам әд-Дин Мір Науаи. Әкесі өлген соң он екі жасында Әбілқасым Бабырдың тәрбиесіне алынады. Ал, он бес жасында түркі және парсы тілдерінде бірдей жазатын ақындығымен танылады. Гератта, Мешхедте, Самарқанда оқып жүріп, логика, философия, математика пәндерінен мол мағлұмат алды. Өзінен бұрынғы Фирдауси, Низами, Дехлауи, Хорезми, Сайф Сарай және замандастары Алтай, Саккаки, Лутфи, Жами шығармашылығымен таныс болады. Өзінің заман-

дас досы Хұсайын Байқара Хорасанның әмірі болған кезде, 1469 жылдан бастап оның мұхрады (мөр сақтаушысы) қызметін атқарды. 1472 жылы уәзір болса, кейіннен оған әмір құрметті атағы берілді. Әлішер Науаи осындай қызметтерде жүріп, ғалымдарға, суретшілерге, сазгерлерге, ақындарға, хуснихатшыларға (каллиграфтарға) қамқорлық жасады. Өз қаржысына жолдар, көпірлер, каналдар, керуен сарайлар, мектептер, шеберханалар салдырған. Әлішер Науаидың халық арасында абырой-беделінің артуын қызғанған басқа уәзірлер оны Байқара әмірмен араздастырып, 1476 жылы уәзірліктен босатылуына себепші болды. Осыдан кейін Әлішер шығармашылық жұмыспен айналысып, “хәмсә” жырлар тобына енетін “Жақсылардың таңдауы” (1483), “Фархад пен Шырын”, “Ләйлі мен Мәжнүн”, “Жеті әлем” (1484), “Ескендір дуалы” (1485) атты

шығармаларын жазады. Әлішер “хәмсәсының” Низами, Дехлауи, Жами “хәмсәларынан” ерекшелігі – араб-парсы тілінде емес, түркі-шағатай тілінде жазылуында. 1487 жылы Байқара Әлішер Науаиды Гераттан аластау үшін Астрабадқа қала биі қызметіне жібереді. Ол мұнда шаруаларды алым-салықтан құтқарып, парақор, зұлым әкімдерді қызметтен босатады. Әлішер осы жерде мектеп, медресе салдырып, ғылым, өнер, әдебиет істеріне қамқорлық жасайды. Бір жылдан кейін өз өтініші бойынша Гератқа қайта келіп, шығармашылық жұмысына кіріседі. 1488 – 1501 жылдары көптеген ғылыми және көркем шығармалар жазады. Әлішер Науаи 1510 жылы 3 қаңтарда Гератта 69 жасында дүниеден өтеді. Әлішердің шығармалары XVI ғасырдың өзінде-ақ басқа елдерге кеңінен таралған.

сол сәтте өлтіріледі. Сөйтіп, Жәнібек хан жорықтан қайтар жолда өз ұлының қолынан мерт болған. Ал оның Еділ бойындағы сарайына қалың әскерді жаңа хан Бердібек бастап келген еді. Бұл 1353 жылы болған оқиға.

Бердібек Алтын Орда тағының қызығын бір-ақ жыл көрді ме, көрмеді ме, оның түбіне інісі Құлпа жетті. Құлпаның билігі де бір жылға созылмады. Оны інісі Наурыз өлтірді. Ал келесі жылы Наурызды бүкіл үрім-бұтағымен бірге Жошының басқа бір ұлы Шибанның ұрпағы Құзыр қырып салды. Осылайша, Алтын Орданы жүз жыл бойы билеген Бату баһадүр ұрпақтарының күні батты. Нар мойыны кесілді. Ұлы Ордада дүрбелең жылдар басталды.

Бату баһадүр ұрпақтары бірін-бірі қырып салған соң, Алтын Орданың ұлы тағына үміткерлер көбейді. Бердібектің күйеу баласы Мамай мырза осы аласапыранды пайдаланып, орданың билігін өз қолына алды.

БАРАҚ ХАН

Барақ хан – Алтын Орда ханы. Шамамен XIV ғасырдың 2-ші жартысында дүниеге келіп, 1428 жылы қайтыс болған. 1428 жылға дейін Ақ Орда ханы. Орыс ханның немересі, Құйыршық ханның ұлы. XV ғасырдың екінші ондығында Шығыс Дешті Қыпшақты билеу үшін болған күресте жеңіліп, Ұлықбектен көмек алады. 1419 – 1422 жылдары Шығыс Дешті Қыпшақта билік басына келеді. 1422 жылы Еділдің бойында Алтын Орда әскерін жеңіп, таққа отырады. 1426 жылы Ұлық Мұхаммед ханнан жеңіліп, тағынан айырылады да, Ноғай Ордасының мырзасы Мансұр бимен одақ құрады. Мансұр би Құйыршықтың қызынан туған болатын. Билік үшін таласта Барақ хан Мансұр биді өлтіреді. Осыдан кейін Алтын Орда жерінде қала алмаған Барақ хан ығысып келіп, 1426 – 1427 жылдары Сыр бойындағы қалалар үшін Ұлықбекпен соғысады.

1427 жылы өзіне қарсы аттанған Ұлықбектің әскерін тас-талқан етіп, Мауераннахрға жорық жасайды. 1428 жылы Ноғай Ордасының мырзалары Қазиді, Наурызбен болған соғыста қаза табады.

Барақ хан өлген соң Шығыс Дешті Қыпшақта шибанилық Әбілхайыр ханның 40 жылдық билігі орнайды. Барақ ханның Мір Сеид, Мір Қасым және Би Сайид (Жәнібек хан) деген үш ұлы болды.

203



“Көшпелілердің бір күні”. Ортағасырлық Қытай суреті

Алтын Ордада болып жатқан аласапыранға елдің шығыс бөлігіндегі Ақ Орданың билеушісі, Орда Ежен ұрпағы Орыс хан да бей-жай қарай алмапты. Мұндай дүрбелеңнің ақыры Алтын Орданың түбіне жетіп тынатынын анық түсінген ол Ақ Орда бектерінің шұғыл құрылтайын шақырып, Алтын Ордаға дереу жорыққа аттануды ұсынады. Ақ Орда бектері бұл ұсынысты қолдайды. 1374 жылы Орыс хан бастаған Ақ Орда сарбаздары Қажы Тархан шаһарына келіп кіреді. Содан Еділ дарияның бойымен жоғары өрлей отырып, Алтын Орданың астанасы Берке сарай шаһарын бағындырады. Одан да әрі жылжып Бұлғар шаһарына дейін жетеді. Сөйтіп, Алтын Орда Орыс ханның иелігіне өтеді. Хан өз атынан теңге соқтырып, Алтын Орданың бұрынғы қуатын қалпына келтіруге білек сыбана кіріседі. Бірақ Еділ дарияның арғы бетін жайлаған Мамай мырза жаңа ханның дәргейіне бағынбай қояды. Екі жақтың арасындағы шағын

ДЕЛИ СҰЛТАНДЫҒЫ

204



1494 жылы 9 маусымда Бабырдың Әндіжан қаласына келіп кіруі. XVII ғасыр миниатюрасы


Дели сұлтандығы – 1206 жылдан 1526 жылға дейін өмір сүрген мемлекет. Астанасы Дели қаласы болды. Дели сұлтандығы Солтүстік Үндістанды Орталық Азиядан шыққан мұсылмандар жаулап алуы нәтижесінде құрылған. 1206 жылы Үндістандағы әскер басшысы әрі билеуші мирасқоры Құтб әд-Дин Айбек 1206 жылы өзін Солтүстік Үндістанның сұлтанымын деп жариялады. Дели сұлтандығы Ала әд-Дин Хилжаның тұсында күшейіп, оның жері едәуір ұлғайды. Бірақ XIV ғасырдың орта шенінен бастап Дели сұлтандығы әлсірей бастады. Әмір Темірдің 1398 – 1399 жылдары Үндістанға жасаған жорықтары салдарынан сұлтандық ыдырап кетті. 1526 жылы Дели сұлтандығын Моғолдар әулеті жаулап алды.

қақтығыстар еш нәтиже бермейді. Бәлкім Орыс хан асаудай тулаған Мамай мырзаны да сабасына түсірер ме еді, бірақ оған мұршасы жетпеді, дереу Ақ Ордадағы астанасына қайта оралуға мәжбүр болады.

Орыс ханды шошытқан Алтын Орда ханы тәжінің ауырлығы емес, өзі қайта біріктірген Жошы ұлысының түстігінен төнген қатер болатын.

Шыңғыс хан ұрпақтарына қалдырған ұлан-ғайыр аймақта құрылған мемлекеттер ішінде ең алғаш сетінеп, екіге бөлінгені Алтын Орданың оңтүстік шығысындағы Шағатай ұлысы болды. Үлкен Есен Бұға хан дүниеден өткен соң, Шағатай ұлысының шығысы дулат әмірлері ықпал жүргізетін Моғолстан мемлекеті аталды, батысы қиқы-жиқы әмірліктердің иелігінде кетті. Бір сұсты адамның билігіне бас ұрмаған елде қандай береке болсын. Сол берекесіздік пен әбігерлікті сәтті пайдаланған барлас тайпасының өкілі Ақсақ

БАБЫР




Бабыр. XVII ғасырда жасалған миниатюра

Бабыр (Захир әд-Дин Мұхаммед Бабыр) – Темір әулетінен шыққан ұлы мемлекет қайраткері, ақын, қолбасшы, Үндістанда Моғол империясының негізін қалаушы. 1438 жылы Ферғана аңғары Акси қаласында дүниеге келген, 1530 жылы Үндістандағы Агра қаласында қайтыс болған.

Әкесі Омар Шейх қайтыс болған соң, 12 жасар Бабыр Ферғананың әмірі болып тағайындалған. Ол Исфара, Ходжент сияқты қалаларды өзіне бағындырған. 1501 жылы Бабыр әскері Самарқанды басып алды. Бірақ Мұхаммед Шибан әскерлерінің тегеуірініне төтеп бере алмай қаланы тастап кетеді. Шибан әскері Ферғанаға басып кірген соң және Әмір Темір әулетінің бір-бірімен қырқысы тоқтамағаннан кейін Бабыр Орталық Азияны тастап шығып Мұқима билеп отырған Кабулды жаулап алып, өзі Бадахшанға орнығады. Бабыр ата мекенін өз билігіне алуға талай ұмтылады. Мұхаммед Шибан өлген соң Самарқанды 1512 жылы алады. 1513 жылы Шибан сұлтандарының әскеріне төтеп бере алмай кері қайтады. Бабыр 1518 – 1519, 1524 – 1525 жылдары Үндістан жеріне бес рет жорық жасады. 1526 жылы Лахорды алып, Пенджабқа орнығады. Пани-

пат түбінде Ибраһим Лодидің әскерін талқандап, Дели мен Аграны алады, Үнді өзенінен Бенгалстанға дейінгі аумақты бағындырып, Моғол империясының негізін қалайды, Делиді мемлекет астанасына айналдырады. Өз елімен тату байланыс орнықтырады. Бабыр – өмірбаяндық атақты “Бабырнама” кітабының, “Мубаин”, “Бабыр әліпбиі” шығармаларының авторы. Бабыр Агра қаласында қайтыс болып, сүйегі Кабул қаласына жақын Шердарбаза тауының етегінде жерленді. Бұл жер “Бабыр бағы” деп аталады.



Агра түбіндегі шайқас. Миниатюра

Темір әлгі қиқы-жиқы әмірліктердің бәрін жаулап алды да, тас-түйін мемлекет жасады.

Ұлы әмірші сонау Мысырға дейінгі аймақты жаулап алатын ұлы жорығына аттанар алдында терістігін қауіпсіз етіп алуды ойлайды. Әмір Темір үшін Ақ Орданың да, Алтын Орданың да қайта күшейгені қажет емес еді. Әсіресе, Орыс ханнан қатты қауіптенген. Содан да өзі бұғып отырып, екі араға тәжірибесіз Тоқтамысты айдап салды.

Тоқтамыс әуелгіде Орыс ханның жанында жүрген көп нөкерлерінің бірі еді. Зерттеушілер оны Тоқа Темірдің ұрпағы дейді. Қалай болғанда да, Тоқтамыс Орыс ханнан қашып барып, Әмір Темірдің қолтығына кіреді. Әмір Темірге де керегі осы еді. Жас ханзаданы қайрап-қайрап, жанына көп әскер беріп, Ақ Ордаға жорыққа аттандырады.

ҰЛЫ МОҒОЛДАР ӘУЛЕТІ

206




Шah Жаһан мен Мұмтаз Маһал

Ұлы моғолдар әулеті – 1526 жылдан 1858 жылға дейін Үндістандағы ұлы Моғолдар мемлекетін билеушілер әулеті. Оның негізін салушы Бабыр (Әмір Темір әулетінен) Моғолстаннан шықты. Ол кезде Орта және Орталық Азия осылай аталды. “Моғолдар” (үндіше – Мухгал) әулетінің атауы осыдан шыққан. Бұл әулетті XVII ғасырда Еуропа саяхатшылары Ұлы Моғолдар деп атады. Ұлы Моғолдар мемлекеті Шah Жаһан билеген тұста дамудың

шарықтау шегіне жетті. Ұлы Моғолдар мемлекеті орталықтандырылған монархия болды. Ол XVII ғасырда бүкіл Үндістанды (қиыр оңтүстіктен басқа) және Кабулды біріктірді. Алайда сол кездің өзінде-ақ байқала бастаған ішкі дағдарыс 1707 жылы Аурангзеб өлгеннен кейін мемлекеттің ыдырауына әкеп соқтырды. Ұлы Моғолдар әулетінің өкілдері: Бабыр (1526 – 1530 жылдары билік етті), Құмайын (1530 – 1539, 1555 – 1556),

Ақбар (1556 – 1605), Жаһангер (1605 – 1627), Шah Жаһан (1627 – 1658), Аурангзеб (1658 – 1707), Баһадүр шah (1707 – 1712), Жаһандар шah (1712 – 1713), Фаррук Сий-Сийяр (1713 – 1719), Мұхаммед шah Аламгір II (1754 – 1759), Шah Адам II (1759 – 1806), Ақбар II (1806 – 1837), Баһадүр шah II (1837 – 1858).



“Моғол бекзадаларының аңғашығуы”. Ортағасырлық миниатюра

Еділ дарияның бойынан қалың қолмен асығып жеткен Орыс хан келе сала Тоқтамысты Сыр бойынан дүркіретіп қуып шығады. Әмір Темір Тоқтамысқа тағы да әскер беріп, Ақ Ордаға қайта аттандырады. Бұл жолы да Орыс ханнан беті қайтқан Тоқтамыс Самарқанды паналайды. Орыс хан Әмір Темірге елші аттандырып, сатқын нөкерін өзіне қайтарып беруін талап етеді. Әмір Темір елшінің талабын орындамайды. Керісінше, Тоқтамыс әскерін күшейте түседі. Дәл осы тұста Орыс ханның жанында жүрген Ноғай ұлысының бегі Едіге де сатқындық жасап жау жағына шығып кетеді. Мұндай сатқындықты күтпеген Орыс хан ұрыс кезінде 1380 жылы қапыда мерт болады. Ақ Орда тағына Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия отырады.

Өкініштісі сол – Тоқтақияның Ақ Ордадағы билігі бір жылға да жетпеді. Тоқтамыспен кезекті бір шайқас кезінде қаза тапты. Ақ Орда тағына Орыс ханның

ҚЫРЫМ ХАНДЫҒЫ


Қырым хандығы – XIV ғасырдың аяқ кезінде Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде Қырым түбегінде құрылған мемлекет.

XIII ғасырдың аяғында Қырымда татарлардың Алтын Ордаға тәуелді ерекше уәлаяты құрылды. Орталығы Солхат қаласы болды. Уәлаят өзін едәуір дербес ұстады, басқа алыс-жақын мемлекеттермен қарым-қатынас жасады, соғыстар да жүргізді.

Алтын Орда билеушілерінің өзара қырқысқан күрес-тартыстарынан кейін ақсүйектердің қолдауымен Қырымда 1433 жылы Дәулет Қажы-Герей хан тағайындалады. Ол ұлы Литва князьдігінің жәрдеміне сүйеніп, 1443 жылы Алтын Ордадан тәуелсіз Қырым хандығының негізін құрды. Оған Қырым түбегінен басқа Днепрдің төменгі ағысы да кірді. Меңлі-Терей хан тұсында

(1468 – 1515) Қырымға түрік әскерлері (1475 жылы) басып кірді. Константинопольді (Стамбұл) алып, Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы Генуя отарларын талқандаған түріктер Қырымды Түркияның вассалына айналдырды. Меңлі-Герей хандығының астанасын Бақшасарайға көшірді. Қырым хандығы Ресей жеріне және Украинаға бірнеше жорықтар жасады. Қырым хандығының әскері 1521 жылы Мәскеуді, 1552 жылы Туланы қоршады. Қырым әскерлерінің орыс жеріне жорықтары, әсіресе, 1558 – 1583 жылдары болған Ливон соғысы кезінде жиіледі. XVII ғасырдың 1-жартысында 200 мыңға жуық орыс әскері Қырым хандығына тұтқынға түсті. XVI – XVII ғасырларда Ресей үкіметі оңтүстік шекарасын Қырым татарларынан

қорғау үшін шекара бекініс шептерін тұрғызды. 1687 – 1689 жылдардағы Қырым жорықтары нәтижесіз аяқталды. XVIII ғасырдағы орыс-түрік соғысында Ресейдің жеңіске жетуі салдарынан Қырым хандығы әлсірей бастады. 1774 жылы Күшік-Қайнаржы бітімі бойынша Қырым хандығы Түркияның вассалдығынан босанып, Ресейдің протектаратындағы тәуелсіз ел болып танылды. 1783 жылдан Қырым хандығы Ресей империясына толық тәуелді болды.



Қырым түбегі

екінші ұлы Темірмәлік отырады. Ол әкесі мен ағасының қазасына себеп болған Тоқтамыс пен Едігеге қарсы кескілескен соғыс ашып, сатқындарды өз елінен аулаққа қуып тастайды. Бірақ екі әңгүдіктің артында мықты тірегі – Әмір Темір тұр еді. Самарқан әмірі Темірмәліктен жеңіліп келген қос қашқынды қайта қайрап, жанына көп әскер қосып беріп, тағы да Ақ Ордаға қарсы аттандырады. Бұл кезде жауды алысқа қуып тастағанына көңілі жайланған Темірмәлік Қараталдағы қыстауында қамсыз жатқан. Тоқтамыс пен Едіге бастаған басқыншылар қамсыз жатқан Темірмәлік ордасын ың-шыңсыз қоршап алып, ойран салады. Темірмәлік осы шайқаста мерт болып, Ақ Орда тағын Тоқтамыс иеленеді.

Ақ Ордадағы қарсыластарын қырып-жойып, өз билігін нығайтып алған соң, Тоқтамыс енді Алтын Орданың ұлы тағына көз салады. Сөйтіп, қалың әскермен Еділ дарияға қарай жорыққа аттанады.

БАҚШАСАРАЙ ҚАЛАСЫ

208



Бaqшасарай – бұрынғы Қырым хандығының астанасы. Қырым түбегінде орналасқан. Бақшасарайда XVI ғасырда хан сарайы, әйгілі “Көз жасы” фонтаны, көптеген мешіттер мен медреселер салынып, көрікті қалаға айналған. Сол кезде қалада 2 мыңға

жуық үйлер болған. 1736 жылы маусымда орыс әскерлерінің қатыгез шабуылынан қаланың біраз бөлігі өртеніп кетті. Саламатгерей II-нің билігі кезінде қаланы қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, кітапхана ашылды. Қырым

хандығын Ресей империясы жаулап алғаннан кейін Бақшасарайға орыс әскери гарнизоны орналастырылды. Қаланың XIX ғасыр басындағы көріктілігі А. С. Пушкиннің “Бақшасарай фонтаны” поэмасында көрініс тапқан.

Орыс ханның қазасынан кейін Алтын Орданың ұлы тағын Мамай баһадүр жеке-дара иеленіп алғанды. 1380 жылы Күлік даласында өз боданы Мәскеу князінің бүлігін толық басып-жанши алмағанына ызаланған ол орыс шаһарларын тағы бір ойрандап қайтуға жаңадан қол жиып жатқан. Дәл осы кезде Тоқтамыс оның ту сыртынан бас салады. Қанды қырғын шайқас 1381 жылы Қалқа дарияның бойында өтіпті. Ұрыс кезінде Мамай әскерлерінің бір бөлігі Тоқтамысқа қосылып кетеді. Басынан бағы тайғанын сезінген Мамай Алтын Орданың қоймасындағы бар қазынаны аттарына теңдеп артып алған сенімді жасағымен Қара теңізге қарай қашады. Сол жерде Мамай баһадүрді саудагер генуялықтар ұстап алып, мерт етіпті.

Дүрбелең жылдары Алтын Орда сынды ұлы мемлекеттің жиырма ханын қаласа таққа отырғызып, қаламаса тақтан түсірген қаһарлы Мамайдың да тағдыры осылай аяқталған.


БАҚШАСАРАЙ ҚАЛАСЫ



Бақшасарай мешіті. XV ғасыр



Тоқтамыс ханның қызы – Жәніке ханымға тұрғызған мазар. XIV ғасыр



Хан сарайы



Чуфут қала қамалы. XIV ғасыр

Тоқтамыс Алтын Орданы иеленумен ғана шектелмеді. Ежелгі Дешті Қыпшақтың әскери қуатын жұмылған жұдырықтай етіп қайта топтап, екі жылдан кейін бодандық бұғауына көнгісі келмеген орыс шаһарларына жорыққа аттанды. Орыс мұжықтары баяғы Бату баһадүр жорығынан соң мұндай тегеурінді шабуылды көрмеген шығар, сірә. Талай шаһар Тоқтамыс сарбаздары мінген тұлпарлар тұяғы астында тапталды. 1282 жылы тамыз айында Дешті Қыпшақ сарбаздары сол кезде бүлікшілер орталығына айнала бастаған Мәскеуге кірді. Қалталы Иванның арқасында қор жинап, әлденіп қалған бұл шаһар көшелері қайтадан отқа оранды.

Мәскеуді күл-талқан етіп, Алтын Орданың баяғы қуатын қалпына келтірген Тоқтамыс енді өзіне күні кеше ғана қамқор болған Әмір Темірге көз аларта бастайды. Парсы жеріндегі бұрынғы Илхандар мемлекетіне бағынышты аймақты түгел

ҚАЗАН ХАНДЫҒЫ

210 Қазан хандығы – XV ғасырда Алтын Орданың ыдырауы салдарынан Еділ Бұлғариясы аумағында құрылған мемлекет. Оған Еділ бұлғарлары, татарлар, мари́йлер, чуваштар, удмурттар, ішінара мордвалар мен башқұрттар кірген. Алтын Орданың ханы Ұлығ Мұхаммед, кейіннен оның баласы Махмұтбек 1445 жылы Қазанға орнығып, бұл хандықтың дербес өмір сүруіне негіз салды. Қазан хандығының орталығы – Қазан қаласы болды. Қазан хандығы Русьпен, Сібір, Иран, Кавказ елдерімен сауда-саттық қарым-қатынасын жасап тұрды. Русьтегі бөлшектенуді, өзара қырқысуларды пайдаланып, Қазан хандығы XV ғасырдың 1-жартысында (Василий II Темный тұсында) орыс жерінің шығыс бөліктеріне ықпал жүргізе бастады. Бір орталыққа бағынған Русь мемлекеті кейін, Иван III тұсында, Қазан хандығына қарсы күресті күшейтті. Қазан мен

Вятка қалаларына 1467 – 1469 жылдары жасалған шапқыншылықтан кейін Қазан хандығы орыс жеріне шабуылын тоқтатты. Алтын Орда құлағаннан кейін, Иван III Қазан хандығына шабуылды қайта бастады. 1487 жылы 9 маусымда орыс әскерлері түркі халықтары арасындағы алауыздықтарды пайдаланып, Қазанды алды. Әли хан тақтан түсіріліп, оның орнына Иван III-нің қол жаулығы болған інісі Мұхаммед Әмин хан болып тағайындалды. 1521 жылы Қазан хандығы Түрік-Қырым одағына кірді. 1524 жылы Осман империясының протектораттығын қабылдады. 1524 жылы таққа Сафа Герей отырды. Бұл одақтан қауіптеніп, одан сақтану мақсатымен Василий III Сура өзенінің сағасында 1523 жылы Васильсурск қаласын салғызып, бекініс жасады. Иван IV Грозный патша нығайып алғаннан

кейін Қазан хандығына қарсы шапқыншылықты күшейтті. 1546 жылы татар ақсүйектерінің үлкен бір тобы Руське қарсы күресті тоқтатып, Иван IV жағына шықты, оның артынша Қазан хандығынан батыс жақтағы чуваштар бөлініп кетті. Қазан қаласын орыс әскерлері 1552 жылы басып алды. Осылай, алауыздықтардың нәтижесінде Қазан хандығы жойылды, оның бүкіл жері кезінде өзіне кіріптар болып отырған Ресей мемлекетінің қарамағына көшті.




Зергерлік бұйым. XV ғасыр.
Қазан хандығы

жаулап алған Әмір Темірді екі жақтан қыспаққа алуды ұсынып, Мысырдағы мәмлүктер патшасына елші аттандырады. Онысымен тынбай, Қап тауындағы Әмір Темір иеленген аймаққа солтүстігінен басып кіріп, Тебриз шаһарына дейін жетеді. Бірақ күні кешегі өз қамқоршысының қарсы соққысынан зәресі ұшып, кері қайтады. Сірә, Әмір Темір алғашқыда өзі қолдан өсірген Тоқтамысты қауіпті қарсылас деп ойламаса керек. Алтын Орда билеушісінің ту сыртынан тиіп-қашқан жорықтарына мән бере қоймайды. Бұл кезде оның бар назары даласы нулы, шаһары сәнді оңтүстік елдеріне ауған еді. Астанасындағы сарайына үлкен ұлы Омаршейхты қалдырып, Әмір Темірдің оңтүстікке тағы да жорыққа аттанып кеткенін пайдаланған Тоқтамыс Моғолстандағы дулат әмірі Қамар әд-Динмен одақтасып, Сырдарияны кешіп өтеді де, Самарқанға жорыққа аттанады. Дешті Қыпшақтың қаптап келе жатқан қалың қолынан қорыққан Омаршейх

ҚАЗАН ҚАЛАСЫ



211



Ежелгі және қазіргі Қазан

дереу әкесіне хабаршы аттандырады. Бұл жолы Әмір Темір қатты ашуланады. Оңтүстіктегі әскери жорығын тоқтата тұрып, дереу еліне қайтады. Тоқтамыс әскері қанды шайқастарда әбден шыныққан ұлы әмірші сарбаздарына қарсы тұра алатын ба еді? Қамар әд-Дин бас сауғалап шығысқа қашады, Тоқтамыс Сырдарияны кері қарай кешіп өтіп, солтүстікке шегінеді. Бірақ Әмір Темір бұл жолы шындап қаһарына мінген еді. Тоқтамыстың көзін құртпай тынбайтынын сездіріп, оны солтүстікке қарай өкшелей қуады. Бетбақдаланы кесіп өтіп, Ұлытауға жетеді. Сол тауда 1391 жылы 28 сәуірде Әмір Темір қашап жаздырған тас әлі тұр.

Өзін өкшелей қуған дұшпанымен табан тіресіп шайқасуға Тоқтамыстың жүрегі дауаламайды. Қаша отырып соғысып, Тобылдан өтіп, Еділді бойлап Бұлғарға жетеді. Одан әрі күні кешегі өзі ойрандаған орыс жері басталатын. Амалсыздан Еділ дария басталар тұстағы бір кең жазықта өзін өкшелей қуып келе жатқан жауын

АСТРАХАНЬ (ҚАЖЫ ТАРХАН) ХАНДЫҒЫ

212 Астрахань хандығы (Қажы Тархан хандығы) – Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған дербес мемлекеттердің бірі. Астрахань хандығы 1465 жылдан 1556 жылға дейін өмір сүрген. Тақ үшін күресте туысы Ахмет ханнан жеңілген Үлкен Орда ханы Махмұд ата-бабасының иелігі Қажы Тарханға қайтып келіп, дербес хандық құрады. Астрахань хандығына Каспийдің солтүстік-батыс жағалауы, төменгі Еділ бойы, Солтүстік Кавказ енді. Шекарасы шығыста Еділдің бір тармағы Бұлан өзені арқылы өтіп, батысында Дөң (Дон) мен Кубаньға дейін жетті, оңтүстігінде Силур, Кума, Терек өзендеріне тіреліп, солтүстігінде Үлкен Ордамен шектесті. Халқының саны 100 мың адам шамасында болды, түркі тілдес тайпалардан тұрды. Көшпелі мал шаруашылығымен, аң, балық аулау, тұз өндіру, қолөнермен айналысты. Бұлан бойындағылардың




ішінде егіншілікпен айналысқандары да болды. Батыс пен Шығысты жалғастырып жатқан Астрахань хандығы Русьпен, Қазанмен, Қырыммен, Хорезммен, Армениямен, Иранмен, Әзербайжанмен, Сібірмен, Ноғай Ордасымен, Қазақ хандығымен, Түркиямен саяси және сауда байланыстарын орнатты. Мемлекет Еділ бойының ірі рухани орталығына айналды. Билеушілері Жошының кіші ұлы Тоқа Темір ұрпақтары болды. Мемлекетті басқару ісінде ханзада, армияның бас қолбасшысы мен Қажы

Тархан қамалының бастығы маңызды рөл атқарды. Астраханьдық ханзадалар Қазан мен Русьте маңызды қызметтерге ие болып, олардың тарихына елеулі ықпал етті. Қажы Тархан бай сауда орталығы болғандықтан, көршілес елдердің шапқыншылығына жиі ұшырап отырды. 1492 жылы қаланы Сібір билеушісі Айбек хан басып алды. Үлкен Орда, Ноғай Ордасы мен Қырым хандығы да Астрахань хандығының ішкі істеріне араласып отырды. XVI ғасырдың ортасында Ресей Астрахань хандығын жаулап алды.

күтіп алады. Бірақ қайдан?! Он бір ай бойы тек қашумен болған әскерде қандай қауқар қалсын? Тоқтамыс 1391 жылдың 18 маусымында болған бұл шайқаста тас-талқан болып жеңіліп, шағын жасағымен батысқа қарай қашып құтылады. Әмір Темір осы жеңісінің құрметіне Еділдің бойындағы кең жазықта бір ай бойы ұлан-асыр той жасайды. Той соңында Берке Сарайдан Алтын Орданың ұлы тағын алдырып, көгілдір дарияның жағасында ұзақ отырыпты деседі. Алайда, он бір ай бойғы тынымсыз жорықтан өзі де, сарбаздары да қатты шаршаған еді. Алтын Орданың Мамайдан қалған байлығын бұл да тиеп алып, ырғалып-жырғалып еліне қайтады. Жаулап алған аймақты басқаруды Едіге биге жүктепті-мыс.

Едіге Тоқтамыс пен Әмір Темір арасында қырғи қабақ қатынас басталысымен-ақ ұлы Әмірші жағына өтіп кеткен. Әмір Темір қосынында тек Едіге ғана емес, Орыс ханның ұлы Құйыршық та Тоқтамысқа қарсы соғысқа қатысқан.

АСТРАХАНЬ ҚАЛАСЫ



213




Қазіргі Астрахань қаласы

Батыс жақты бетке алып қашып құтылған Тоқтамыс Әмір Темірдің Самарқанға кеткенін естіп, еліне қайтып оралады. Едіге биді қуып шығып, Дешті Қыпшақтан қайтадан әскер жинай бастайды. Еділ бойындағы ащы жеңілістен кейін төрт жыл өткенде Алтын Орданың әскери қуатын қалпына келтіргендей болған Тоқтамыс Мысырдағы мәмлүктерге, Әмір Темірге қарсы одақтасуды ұсынып, тағы да елшілік аттандырады. Мысыр сұлтаны Беркун де қарап қалмай, Әли шаһ есімді елшісін мәселенің мән-жайын біліп қайтуға Алтын Ордаға жібереді. Бірақ Мысырмен ұзақ-сонар келісім жүргізуге Тоқтамыстың төзімі жетпейді. Ол қалайда парсы жерінде жорықта жүрген Әмір Темірге ту сыртынан тиісіп, тезірек өшін қайтарғысы келеді. Сөйтіп, қалың әскерді бастап Дербент шаһары арқылы Қап тауына сұғына енеді. Тоқтамыстың қайтадан бас көтергені туралы хабар Әмір Темірге шұғыл

ӘБІЛХАЙЫР ХАНДЫҒЫ

214 Әбілхайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті) – орта ғасырлардағы қыпшақ мемлекеті. Әбілхайыр хандығы 1428 жылдан 1469 жылға дейін өмір сүрді. Дешті Қыпшақтағы Ақ Орданың жойылуы және Жошы ұрпақтары арасындағы өзара соғыстарға байланысты Шибан әулетінің саяси басымдыққа қол жеткізуі нәтижесінде құрылған. 1428 жылы Ақ Орда ханы Барақтың өлімінен соң Әбілхайыр хан таққа отырды. Әбілхайыр хандығы батысындағы Жайықтан шығысындағы Балқашқа дейінгі, оңтүстігіндегі Арал мен Сырдарияның төменгі ағысынан, солтүстігіндегі Тобыл мен Ертістің орта ағысына дейінгі аумақты алып жатты. Хандықтың астанасы алғашында Батыс Сібірдегі Тура (қазіргі Түмен қаласы) болып,

кейін, 1446 жылы Сыр бойындағы Сығанаққа көшірілді. Әбілхайыр хандығы этникалық жағынан көп тайпалы еді. Оның құрамында қоңырат, маңғыт, үйсін, найман, қосшы, күрлеуіт, қарлық, таңғұт, ұйғыр, таймас, бүркіт, қият, кенегес сияқты тайпалар болды. Әскер құрамында қыпшақтар, ойраттар, мажарлар да қызмет еткен. Хандық құрамындағы Иасы, Отырар, Сығанақ, Өзкент, тағы басқа қалаларда қолөнер, сауда-саттық, егіншілік, дәстүрлі мал шаруашылығы дамыды. 1457 – 1469 жылдар аралығында Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуі Әбілхайыр хандығының ыдырауына әкеліп соқтырды. Әбілхайыр хан 1469 жылы қайтыс болғаннан кейін мемлекет бірнеше ұлыстарға, иеліктерге ыдырап кетті.



Шайқас. XV ғасыр миниатюрасы



Алтын жапсырмасы бар ер-тұрман. Алтын Орда. XV ғасыр

жеткен еді. Ол кезінде өзі өсірген “күшігіне” бұл жолы ешқандай аяушылық болмайтынын айтып хат жолдайды. Тоқтамыс ондай бопсаны құлағына да қыстырмайды. Екі жақтың шешуші шайқасы 1395 жылдың сәуірінде Терек өзенінің бойында болыпты. Осы шайқасқа куә болған Мысыр елшісінің, Әмір Темір шежірешілерінің айтуына қарағанда, кескілескен ұрыс үш күнге созылған. Тіпті, ұрыс ортасында жүрген Әмір Темірдің қоршауға түсіп, өмірі қыл үстінде қалған сәті де болыпты. Бірақ, Алла қолдаса, шараң бар ма? Терек өзенінің суы қып-қызыл болып аққан қанды қырғын тағы да Әмір Темірдің жеңісімен аяқталды. Тоқтамыс тағы да қашып құтылады. Ызаланған Әмір бар өшін Алтын Орда шаһарларынан алғанға ұқсайды. Жолында кездескен шаһар біткеннің бәрін күл-талқан еткен Әмір Темір орыс жеріне сұғына еніп, алуға жарайтын байлыққа арбаларын сықа толтырған соң, кері Қап тауына

ӘБІЛХАЙЫР ХАН

Әбілхайыр хан – өзбек ханы. Шыңғыс ханның 10-шы буындағы ұрпағы. Ол 1412 жылы дүниеге келіп, 1469 жылы қайтыс болған. 1428 жылы 16 жасында Әбілхайырды Дешті Қыпшақтың ру-тайпа көсемдері хан етіп сайлады. Ол билікті өз қолына алысымен Дешті Қыпшақтағы саяси бытыраңқылықты жоюға күш салды. 1430 – 1440 жылдары хандықты нығайту үшін ішкі және сыртқы күштермен күрес жүргізді. Ахмед хан мен Махмұд хан иеліктеріне, Әмір Темір әулетінің қол астындағы Хорезм мен Сыр бойына сәтті жорықтар жасады. Сөйтіп тарихта “Көшпелі өзбектер” деп аталатын Әбілхайыр хандығын құрды. Әбілхайыр ханның билігі күшейген сайын, оған қарсы жергілікті ру-тайпа көсемдері мен кейбір

сұлтандардың қарсылығы арта түседі. Әбілхайыр ханның билігіне қарсы жасырын наразылық 1457 жылы Сығанақ түбінде қалмақтардан жеңіліс тапқан соң ашық күреске айналды. 1457 – 1469 жылдары Керей мен Жәнібек сұлтандар өздеріне қарасты тайпалармен Моғолстанның батысындағы Шу өңіріне көшіп барып жеке Қазақ хандығын құрды. Қазақ хандығының күшейе түсуінен қауіптенген Әбілхайыр хан 1469 жылы Моғолстанға жорық ұйымдастырды. Бұл – оның ең соңғы жорығы еді. Әбілхайыр ханның он бір ұлы болды. Оның ұрпақтары ішінде ең танымал болғаны – немересі Мұхаммед Шайбани хан.

ХУСАЙН-И БАЙҚАРА



Хусайн-и Байқара – Хорасанның билеушісі. Ол 1438 жылы дүниеге келіп, 1506 жылы қайтыс болған. Әмір Темірдің баласы Омар Шейхтың ұрпағы. 1468 жылы Хусайн-и Байқара сол кездегі Әмір Темір мемлекеті аймағындағы саяси жағдайды пайдаланып, Гератты басып алып, Хорасан билігін қолына алды. Ол басқарған кезде Герат мәдени орталыққа айналды.

қайтыпты. Қайтарында Орыс ханның ұлы Құйыршықты Алтын Ордаға хан етіп сайлап, жанына кеңесшілікке Едіге биді қалдырады. Едіге би Құйыршықтың жалғыз ұлы Барақтың қызына үйленіп, хан әулетіне күйеу бала болады. Бірақ Құйыршық Алтын Орда тағында бір-ақ жыл отырып, қайтыс болған. Одан кейін Едіге би таққа Орыс ханның басқа ұлынан туған немересі Темірқұтылықты отырғызады. Темірқұтылық қайтыс болған соң оның інісі Шәдібекті де таққа отырғызған осы Едіге би.

Таққа өз дәрегейіне көнетін адамды отырғызып қойып, бар билікті өзі жүргізу Ноғай ұлысынан шыққандардың ежелгі әдеті ғой. Едіге де сол дәстүрді жалғастырды.

Ал Тоқтамыс болса анда бір шауып, мында бір шауып, өзіне еш жерден қолдаушы таппай қысылады. Әмір Темірден кешірім сұрап, елші жібереді.

СІБІР ХАНДЫҒЫ

216 Сібір хандығы – XV ғасырдың аяғында Батыс Сібірде түркі тайпалары құрған мемлекет. Ол Алтын Орда ыдырап, одан Шайбани ұлысының бөлініп шығуына байланысты пайда болды. Хан тағына 1430 жылы Қажы Мұхамедтің баласы Махмұд отырды. Сібір хандығы Пермь қорғаны, Қазан хандығы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығымен және Ертіс жағалауын қоныстанған телеуіттермен шекаралас болды. Солтүстік жағы Обь өзенінің төменгі ағысына, шығысы Көк Ордаға дейін жетті. Бұл жерлерді қыпшақ, арғын, қарлық, қаңлы, найман тағы басқа түркі тілдес тайпалар қоныстанды. Сібір хандығына татар, ханты, манси, Орал бойы башқұрттары, тағы басқа халықтар кірді. Сібір хандығының ресми діні – ислам діні болды. Мемлекет құрылысы жартылай әскери сипатта құрылды.



Сібір хандығы жауынгерлері

Сібір хандығы көршілес елдермен және Моңғолия, Батыс Қытай, Ресеймен сауда қатынасын жүргізді. Сібір хандығының бір бөлігі XV ғасырдың аяғында Түмен хандығы деп аталды. Сібір хандығын ол кезде Ибақ хан басқарып тұрды. Ибақ хан Мәскеудің ұлы князі Василий III-мен қатынас орнатты. Ибақ ханды 1495 жылы Тайбұғы әулетінен шыққан Махмет өлтіріп, өзі хан болды. XVI ғасырдың бірінші жартысында Сібір хандығы ноғайлардың,

өзбектер мен қазақтардың шапқыншылығына ұшырады. Тайбұғы руынан шыққан Идигер 1555 жылы Мәскеуге вассалдық тәуелділікті мойындады. Бірақ 1563 жылы ноғайлардың көмегімен шайбанилық Көшім хан Сібір хандығын басып алды да, Ресей империясына қарсы шықты. Кейіннен Ресей мен екі ортадағы бейбіт көрші отыру келісіміне сеніп, қаперсіз отырған Сібір хандығының сол кездегі астанасы Искерге қарақшы атаман Ермак жасағы тұтқиылдан опасыз шабуыл жасайды. Көшім хан өз әскерлерімен оңтүстікке шегініп, 1598 жылға дейін лек-легімен келген Ресей әскерлеріне қарсылық көрсетті. Көшімнің баласы Әлидің тұсында Сібір хандығы Есіл, Ертіс, Тобыл өзендерінің біраз жерін ғана қамтыды.

Тоқтамыстың елшісін ханзу еліне жорыққа аттанып бара жатқан Әмір Темір Отырар шаһарында қабылдапты деседі. Тіпті, өз қолынан өсірген “күшігіне” кешірім жасау да ойында болыпты. Бірақ, Алла тағала әміршінің ол ойын жүзеге асыруына мүрсат бермеді. Сол Отырар шаһарында 1405 жылдың 18 ақпанында Әмір Темір сырқаттан көз жұмды. Ал Сібірде қашып жүрген Тоқтамысты Шәдібек хан жіберген қуғыншылар ұстап алып өлтіріпті.

Алтын Ордада Едіге бидің дәурені басталады. Ол ұлы әміршінің мұрагерлері арасында билік үшін басталған талас-тартысты пайдаланып, Хорезм аймағын Алтын Ордаға қосты. Салық төлеуді азайтқан Мәскеуге 1408 жылдың желтоқсанында жорық жасап, қыруар байлықпен кері оралды. Мысырға елші жіберіп, ежелгі одақтастықты қайта орнатуға тырысты. Шәдібек қайтыс болған соң орнына Болатты хан сайлады. Болаттан кейін Темірқұтылықтың ұлы

КӨШІМ ХАН

Көшім хан – Сібір хандығының ханы. Туған жылы белгісіз, шамамен 1598 жылы қайтыс болған. Шайбани әулетінен шыққан Бұхара ханы Мұртазаның баласы. Қазан хандығы мен Астрахань хандығын Ресей империясы басып алғанда Мәскеудің Шығысқа бағытталған басқыншылығын тоқтатуды ойлаған Көшім болатын. 1563 жылы Ертіс, Тобыл өзендері бойында көшіп жүрген түркі тілдес тайпаларды біріктірген ол Сібірдің ұсақ билеушілерін өз қол астына бағындырып, хандықтың шекарасын Пермь түбіне дейін жеткізді. Оның жасақтары Оралдан асып түсіп, Сібірге көз алартқан орыс көпестері Строгановтардың иеліктеріне талай рет жорықтар жасады. Ұзаққа созылған Ливон соғысынан әлсіреген Иван Грозный Сібір хандығынан сескеніп, екі жақты шайқастан сақтанып Көшім

ханмен соғыспай, бейбіт көрші отыруды ұйғарған болады. Осыған сенген Көшім хан астанасы Искер қаласын қорғаусыз қалдырып, Сібірдің ұлы аймағына бытырай еркін қоныстанып, бейқам қалады. Мұны тыңшылар арқылы білген Строгановтар 1581 жылы атаман Ермакпен бірігіп тұтқиылдан шабуыл жасайды. Мылтықпен, зеңбірекпен қаруланған орыс-казактармен үш айға созылған соғыстан кейін Көшім елдің ішкі жағына шегінеді. Ермак жасағы 1582 жылы хандықтың астанасы Искер (Қашлық) қаласын басып алады. Бірақ Көшім соғысты ары қарай жалғастыра береді. 1585 жылы Сәтбек батыр бастаған Көшім сарбаздары Ермак жасағына күтпеген жерден шабуыл жасап, жойып жібереді. Ресей Көшім ханмен келіссөз жүргізіп, соғысты тоқтату жөнінде 1597 жылы патшаның

арнайы мақтау қағазын жібереді. Алайда, 1598 жылы А.Вояйков басқарған Ресей әскері Көшімге шабуыл жасап, жасағының талқанын шығарады. Осыдан кейінгі Көшім тағдыры әр түрлі баяндалған. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, ол Ноғай Ордасына қашып барып, сонда қаза тапса, басқа бір мәліметте Ертіспен жоғары өрлеп, Зайсан көлінің маңында қайтыс болған.



Аңшылықта

Темірді таққа отырғызды. Едіге бидің шексіз билігін тежеген, міне, осы Темір хан болды. Ол Едіге биді елден қуып шықты. Қырымға барып шағын князьдік құрған Едіге Тоқтамыстың ұлы Қадырбердінің қолынан қаза тауыпты. Ал, Тоқтамыстың тағы бір ұлы Жәмел әд-Дин бұл кезде Алтын Орда тағын Темір ханнан тартып алған еді. Міне, осы кезде Алтын Ордаға билік үшін таласқа Құйыршықтың жалғыз ұлы Барақ хан араласады.

Барақ, сірә, батыл да бірбеткей адам болса керек. Оңтүстігінде Әмір Темір ұрпақтары тақ үшін қырқысып жатқанда, ортадағы Ақ Ордада аз уақыттың ішінде тәртіп орнатып, тас-түйін әскер жинап алады. Содан соң 1422 жылы қыркүйекте тағы да аласапыран болып жатқан Алтын Орда астанасына жорыққа аттанады. Биліктен үміткер Құдайдатты да, Ұлық Мұхаммедті де сабасына түсіріп, Алтын Орданың тайған бағын қайта қалпына келтіруге жанталасады.


ПАЙЗА (БАЙСА, БАСМА)

218 Пайза, байса, басма – XIII – XV ғасырларда Алтын Орда хандары сенім құжаты (грамотасы) ретінде тапсыратын металл тақташа (пластина). Негізінен күмістен, кейде алтыннан жасалған тақташа өлшемдері 30 x 10 см, пішіні әр қилы (төртбұрышты, дөңгелек), жиектері доғаша иілген.

Пайзалар осы күнге дейін жеткен Алтын Орда қазынасының үлкен бір бөлігін құрайды. Алтын Орда пайзалары қазіргі Моңғолия, Сібір аймағы, Байкал төңірегінен бастап Батыс Еуропа аумағына дейін кеңінен таралған және барлық жердегі заңдылық күші бірдей, бәріне ортақ құжат болды. Пайза – елшілердің, керуен тартқан саудагер, көпестердің және саяхатшылардың мемлекеттік шекарадан өткенде көрсететін басты құжаты еді. Пайзада “ел билеген адамның өмірімен рұқсат етілген” деген мағынаны беретін жазуы болған.

Пайзаның бір шетінде ойылған тесігі бар. Иесі тесіктен жіп өткізіп алып, белдігіне тағып алатын. Пайзадағы моңғол сөздері, негізінен, ұйғыр жазуымен ойып түсірілген. Ондағы жазылған сөздер көбіне бір мағыналас келіп отырады. Мәселен: “Мәңгілік көк аспанның, жарылқайтын күш-қуатымен, ұлылық құдыретіне сәйкес, кімдекім Абдолланың өміріне бағынбаса ол кісі жазалы болып, өлтірілуі тиіс” – деп жазылған Еділ бойынан табылған бір пайзада. Пайзалардың екі жақ бетіне әртүрлі хайуандардың бейнесі ойып түсірілген. XIII ғасыр пайзаларында, көбінесе, қытайдың мұрны жалпақ, көзі үлкен “таоте” деген құбыжығының немесе геральдикалық мәнге ие Күн мен Айдың бейнесі – Шыңғыс ханның харизмалық бейнесі ретінде жиі салынған. Алтын Орда хандары Тоқтай (1290 – 1312), Өзбек (1312 – 1341),

Келдібек (1361), және Өзбектің ұлы Абдолла (1362 – 1369) шығарған пайзаларда Ай мен Күннің бейнелері жиі кездеседі.



Юань әулетінің пайзасы. Шойыннан құйылып, күміспен өрленген. Өлшемдері 15,5x12 см. 1909 жылы Томск губерниясынан табылған. Бес баған моңғолша “Мәңгілік Тәңір күшімен, ханның өмірін тыңдамаған адам өлтірілсін” деген шаршы жазуы бар. Мұндай жазуды ресми құжаттар үшін 1269 жылы Пагба лама ойлап тапқан. Пайзаның пішіні дөңгелек, бір шеті шығыңқы. Онда Тибет өнерінде кең таралған арыстан бейнеленген. Пайза Эрмитажда сақтаулы.

Қатал билікке көңісі келмей бұлғақтаған Едігенің Сүйіндім бегімнен туған ұлы Мансұр бидің басын қағып алады. Ал Сүйіндім бегім Барақ ханның туған әпкесі, Құйыршық ханның қызы еді.

Ыдырауға бет алған Алтын Орданы уақытша болса да біріктіріп үлгерген Барақ ханның бейбіт өмірі ұзаққа созылмады. Ақ Орданың оңтүстігінен тағы да маза кетті. Бұл кезде Самарқан тағына отырған Әмір Темірдің кіші ұлы Шаһрух әкесінің иелігін қайтадан күшейте бастаған. Ал оның Ақ Орда шекарасындағы Отырар шаһарына отырғызған ұлы Ұлықбек солтүстігіндегі көшпелілерді тықсыра бастады. Бұл хабарды естіп, Еділ бойынан асығып жеткен Барақ хан Ұлықбек жасақтарын Самарқанға қарай қуып тастады.

Ұлықбекті Самарқанына қуып салған Барақ хан Ақ Ордада да ұзақ тұрақтай алмайды. Еділ бойында тағы да бүлік басталады. Сол бүлікті басуға барған Барақ


АЛТЫН ОРДА ХАНДАРЫНЫҢ ПАЙЗАЛАРЫ

219




Қырым түбегінен табылған пайза. 1361 жылы құйма күмістен шыңдап жасалған. Пайзаның өлшемдері 29,8 x 9,7 см, қазір Мәскеуде, Ресей мемлекеттік тарихи мұражайында сақтаулы. Оның жиек қырлары нақышына келтіре отырып, ал шетіне таяу ойығының айналасы дөңес етіп жасалған. Пайзаның екі жақ бетінде де алтын жалатылған әріптермен оюланып, әшекейленген моңғол сөздері ұйғыр жазуымен түсірілген. Бір жақ бетінде екі қатарға жағалай, алты тармақты

күлте жапырақтары ішіне қарай көмкеріле бейнеленген. Екінші бетінде бұлт арасындағы Ай сұлбасы бар. Осы пайзадағы жазуда: “Мәңгілік көктің (аспанның) ұлы құдыреті мен күш-қуатының және жарығының арқасында, Келдібектің өмірі: “Кімде-кім мұны (бұл жарлықты) құрмет тұтып сыйламаса жазаға тартылып өлтірілуі тиіс” деген сөздер кездеседі.



Алтын Орда пайзасы. Күмістен құйылған тақташа бетіндегі жазулар алтынмен әрленген. Қазіргі Батыс Сібір аумағынан табылған. Эрмитажда сақтаулы.



Күміс пайза. 1853 жылы Селенга өзені бойынан табылған. Тік төтбұрыш пішінді, бұрыштары ойыс. Тесігінің айналасы доғалша иілген. Онда қытай иероглифтерімен “Құрмет белгісі №34” деп жазылған. Пайзаның өзінде моңғолша шаршы жазуы бар. Бір бетіндегі үш бағана және екінші бетіндегі екі бағана жазуда: “Мәңгілік Тәңір күшімен ханның есімі қасиетті болсын. Тыңдамаған адам өлтіріледі не өледі” деген сөздер қашалған. Эрмитажда сақтаулы.

ханды ноғайлы ұлысы құрамындағы құрлауыт руының Мағырып есімді батыры қаскөйлікпен атып өлтіреді. Оның “Барақты атқан бармағым, бал тілейді тамағым...” деп мақтанғаны халық жадында қалыпты. Бұл 1428 жылы болған оқиға еді.

Барақ хан қайтыс болған соң бір кездегі Ертістен Дунайға дейінгі алқапта салтанат құрған Алтын Орда мемлекеті ыдырауға бет алды.

Әуелі Алтын Орда тағына отырмағанына өкпелеп, Ұлығ Мұхаммед Еділ дарияның жоғарғы жағындағы бұлғар жеріне кетті. Сол жақтан 1438 жылы Қазан хандығын құрды. Содан соң Тоқа Темір ұрпағы Қажыгерей Қырым жақты бөліп алып, 1449 жылы жеке хандық құрып кетті. Қажы Тархан хандығы (Астрахань хандығы) да өз еншісін алды. Сібір жақ Ибақ ханның иелігіне көшті. Еділдің арғы жағалауын Ноғай Ордасының мырзалары билеп-төстеді. Ал Еділдің шығысынан бергі алқап Ақ Орданың меншігіне көшті.

АЛТЫН ОРДА ҚАЗЫНАЛАРЫ

220



Тұмар сақтайтын алтын қобдишалар. XIII – XIV ғасыр. Ресей мемлекетінің тарихи мұражайы



Ер-тұрман әшекейлері. XIV ғасыр



Күміс белбеу бөліктері. XIV ғасыр



Күміс белбеу бөліктері. XIII ғасыр



Алтын тарақ және оның тысы. XIV – XV ғасыр. Эрмитаж



Күміс қаптырмалар. XIV ғасыр. Эрмитаж

Барақ хан қайтыс болған соң, Ақ Ордада билікті дөңгелетіп әкететін Орыс ханнан тараған ұрпақ жеткілікті еді. Бірақ, сол кездегі беделді билер мен бектер Сібірде жүрген Шибан ұрпағы Әбілхайырды шақырып алып Ақ Ордаға хан сайлайды.

Әбілхайыр бірте-бірте айласын асырып, басқаларды арандатып, Орыс ханнан тараған ұрпақтардың тамырына балта шабумен болды. Елінің қамын ойлаудың орнына, қара халықты бір-біріне айдап салып, қырылыстыруға көшеді.

Әбілхайырдың әділетсіздігінен зардап шеккен көшпелі тайпалар 1459 жылдың күзінде Орыс хан ұрпақтары Керей және Жәнібек сұлтандардың басқаруымен Жетісудағы Шу өзенінің бойына қоныс аударып, Қазақ хандығының негізін қалады. Бұл енді келесі кітабымызда шертілер тарих.

АЛТЫН ОРДА ҚАЗЫНАЛАРЫ


221



Белбеуге байланатын алтын табақ. XIII ғасыр. Эрмитаж



Қақпағы бар күміс ыдыс. XIV ғасыр. Ресей мемлекеттік тарихи мұражайы



Алтын белбеу. Ақмола облысынан табылған. XIV ғасыр. Эрмитажда сақтаулы



Күміс кубок. XIII – XIV ғасыр. Эрмитаж

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Агаджанов С.Г. Государство Сельджукидов и Средняя Азия в IX – XII вв. -Ашхабад, 1969.
2. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 1-кітап. -А., 1996.
3. Ахинжанов С. М. Қыпчаки в истории средневекового Казахстана. -А., 1995.
4. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. -А., 1996;
5. Большая школьная энциклопедия (История России IX – XVII в.в.). -М., 2002.
6. Буниятов З.М. Государство Хорезмшахов Ануштегинидов. -М., 1986.
7. Всемирная история. Т. II. -Москва – Минск, 2002.
8. Жолдасбеков М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұтқалары. -Астана, 2001.
9. Иллюстрированная детская энциклопедия. -Минск, 2003.
10. История Венгрии в 3-х томах. Т. I. -М., 1971.
11. История Византии в 3-х томах. Т. II. -М., 1954.
12. История стран Азии и Африки в средние века. -М., 1964.
13. Кадырбаев А. Ш. Тюрки и иранцы в Китае и Центральной Азии в XIII–XIV вв. -А., 1990.
14. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. Т. I. -М.–Л., 1941.
15. Қинаятұлы З. Моңғол үстіртіндегі соңғы түркі-моңғол тайпалары. -Астана, 2003.
16. Қазақстан тарихы. Т. II. -А., 1998.
17. Мурзаев Э. М. География в названиях. -М., 1979.
18. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. -М., 1957.
19. Рахманалиев Р. Империя тюрков. -М., 2002.
20. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. I, кн. I. -М. – Л., 1952.
21. Соловьев А.И. Оружие и доспехи. -Новосибирск, 2003.
22. Татары-монголы в Азии и Европе. -М., 1977.
23. Тортаев С. Ә. Орта ғасырлардағы дүние жүзі тарихы (маңызды оқиғалар күнтізбесі). -А., 2003.
24. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. -А., 1992.
25. Храмы, монастыри. -М., 2003.
26. Школьная энциклопедия. Мировая история. -М., 2002.

Құрметті оқырмандар!

«Аруна» баспасы өздеріңізге арналған Қазақстан балалар энциклопедиясына енген «Қазақ хандығы» томының «Алтын Орда» бөлімін ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда Орталық Азиядағы ІХ – ХІІ ғасырлар аралығындағы қоғамдық-саяси жағдай, тарихи тұлғалардың өмір жолдары мен атқарған істері қызғылықты баяндалған.

Баспа жобасының жетекшілері

Қ. Раимбеков, Б. Иманәлиев

Авторлары

Т. Жұмаханов, Б. Жұматаев, Т. Шаңбай

Редакторлары

А. Жақыпова, Н. Сламбекова

Корректорлары

М. Есенәлиева, Д. Мамырбаева

«Аруна» баспасының дизайн орталығы

Я. Кожевников, М. Моминов, Ә. Жұмаханов

Қазақстан, 050000, Алматы, Чайковский көшесі, 190/184, 23-кеңсе
Тел./факс: (327) 2 728 411, 2 728 421. E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Көтерме бағамен сатып алу үшін «Аруна» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс: (327) 2 728 411, 2 728 421. E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Осы және басқа кітаптарды кітап-поштаға тапсырыс жасау арқылы алуларыңызға да болады. E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Таралымы 5 000 дана. Пішімі 60x90 1/8.

Қаріп түрі «Школьная».

Шартты баспа табағы 36,5. Есептік баспа табағы 76.

«IntellService» баспаханасында басылған




Көркем суретті, полиграфиялық орындалу сапасы жоғары бұл энциклопедиялар жасөспірімдерді тарихымызбен таныстырады. Көптеген ірі оқиғалар мен танымал тұлғалар туралы мағлұмат береді. Энциклопедия қазақ, орыс тілдерінде балалардың жас ерекшелігіне сай түсінікті әрі жеңіл тілмен жазылған.

Тарих ата

- I том. Ежелгі Қазақстан
- II том. I-бөлім. Алтын Орда
- II том. 2-бөлім. Қазақ хандығы
- III том. Империя құрамында
- IV том. Қазақстан Республикасы

Пішімі 220x288, 224 б.

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН МИФТЕРІ МЕН АҢЫЗДАРЫ



Бұл кітаптар – «Қазақстан балалар энциклопедиясы» айдарымен жарыққа шығып жатқан топтаманың қосымша томдары. Олар ерте замандарда Орталық Азияны мекендеген көшпелі халықтардың мифологиясы мен дініне, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелерге арналған. Мифтер, аңыз-әңгімелер Қазақстанда тұңғыш рет толығымен жинақталып, бір жүйеге келтіріліп, қазақ, орыс тілдерінде берілген.

Пішімі 215x285, 252/248 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ

Қазақстанның ежелгі қалалары – «Қазақстан балалар энциклопедиясының» тағы да бір қосымша томы. Кітап Қазақстан жеріндегі, «Ұлы Жібек жолы» бойындағы ежелгі қалалар мен олардың өмірбаяны, тарихи ескерткіштер туралы мағлұмат береді. Қазақ және орыс тілдеріндегі көркем суретті, полиграфиялық сапасы жоғары бұл кітап мәтінімен ғана емес, фотосуреттерімен де құнды.



Пішімі 220x280, 316 б.

ШЫҒЫСТЫҢ ҰЛЫЛАЛАРЫ

Балаларға арналған бұл көркем суретті туындыда әйгілі хандар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолы, істері суреттелген. Кітап қазақ және орыс тілдерінде шығарылған.

- Мөде қаған
- Томирис
- Шыңғыс хан
- Байбарыс сұлтан
- Керей мен Жәнібек
- Қасым хан
- Мұхаммед Хайдар Дулат
- Абылай хан
- Абай
- Кенесары Қасымов
- Шақшақұлы Жәнібек
- Қаракерей Қабанбай
- Қанжығалы Бөгенбай
- Райымбек батыр
- Шоқан Уәлиханов
- Әл-Фараби
- Мөңке би
- Сүбедей баһадүр
- Бағу хан
- Агтила



Пішімі 220x288, 96 (92) б